

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Жаһандық ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің
5-сыныптарына арналған оқулық

(МАКЕТ)

5

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы бойынша жазылды. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкес, жаһандық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Шартты белгілер



Талда

– ұсынылған ақпаратты талдау, өз түсінігін айту (жазу)



Өзіндік жұмыс

– жұппен, топпен, жеке орындалатын тапсырмалар,



Ойна да ойла!

– ойын түріндегі қызықты тапсырмалар



Қызықты ақпарат

– тақырыпқа қатысты қызықты қосымша мәліметтер



Түйін сөз

– сабақ мазмұнына қатысты ойларды түйіндейтін сөздер



Маңызды ақпарат

– тақырыпқа қатысты мәліметтермен танысу



Біліміңді тексер!

– кері байланыс, сабақ соңында өзіне ұнаған маңызды ақпарат туралы ой бөлісу.



Смартфондағы «Play Market» (OC Android базасында) немесе «Apple App Store» (OC iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек.

Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшаны ашып, QR-кодқа бағыттау керек.

Ескерту: кейбір смартфондардың камералары еш қосымшасыз бірден QR-кодты аша алады.

Жас дос! Ғылым мен техниканың дамуы әлемдегі жаһандану процесін үдетуде. Жаһандану дәуірі бізден терең білім және іскерлік қабілеттерді талап етеді. Ол үшін оқып-ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларын тереңдету керек. 5-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқулығы арқылы сен осы әлемге қадам басасың.

Адамгершілік құндылықтарды сіңіру, отансүйгіштік қасиеттерді дамыту басты міндеттер екенін жақсы білесің. Сонымен бірге өмір қауіпсіздігі, қаржы сауаттылығы туралы білуің де керек. Сыни ойлау икемділігі, орын алған оқиғаларды түсіну және күрделі мәселелерді шеше білу – бізге аса қажет дағдылар. Білім көзін сапалы игеру бес бөлім материалын меңгеру барысында жүзеге асырылады.

«Этика және әдеп» бөлімі адалдық, тәртіптілік, жауапкершілік, әдептілік сияқты ізгі ниеттерді бойға сіңіріп, көркем мінез, жеке қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Ал «Азаматтық және патриотизм» бөлімі Отан сүю, ел азаматы ретінде жауапкершілікті сезінуге, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағыт береді.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі – қазіргі цифрландыру немесе әлеуметтік желі, қаржы мәселесі, оны басқару, өзін қаржылай қамтуға қатысты өте қызық бөлім. «Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі жалпы қауіпсіздік мәселесін қозғаса, «Экологиялық мәдениет» бөлімі өз денсаулығына, табиғатқа ұқыпты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Оқулықта уақыт талаптарына сай тақырыпты түсіндіру мәтінімен қатар қызықты ақпараттар, рөлдік ойындар, тәжірибеге негізделетін зерттеулер ұсынылады. Демек, бұл оқулық – ерекше әлем есігі.

Жаһандану әлеміне қош келдің, зерделі дос!

1-БӨЛІМ.

ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП

Досым, бұл бөлімде:

сәлемдесудің маңызы және түрлерімен танысасың; достар мен ата-ананың адам өміріндегі маңызын білесің; өз әрекетің үшін жауапкершілік алуды, ата-анаға ризашылық білдіруді үйренесің; дастарқан жаю және дастарқан басындағы әдепті қайталап, қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзіңді қалай ұстау керек екенін білесің.



Меңгерілетін білім:

- сәлемдесу мәдениеті туралы ақпаратпен танысу;
- сәлем беру ишараларын талдап, пікіралмасу;
- халқымыздың сәлем беру ерекшелігі туралы ой қорыту.

Кел, ойланайық!

- Сәлемдесу деген не?
- Сәлемдесудің қандай түрлері бар?
- «Сәлем – сөздің анасы» дегенді қалай түсінесің?

**Түйін сөздер**

Сәлемдесу, ишара, құрмет

**Маңызды ақпарат**

Сәлем сөзі – (араб) тыныштық, бейбітшілік мағынасындағы «ассалам» сөзінің тілімізге еніп, кірігіп, қалыптасқан түрі.

Ертеден келе жатқан сәлем берудің «Кеш жарық!» деп кеш мезгіліне қатысты айтылатын түрі бар.

Ал қазір біз тәуліктің әр кезеңіне қатысты «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!» деген нұсқаларын қолданамыз.

Сәлемдесу – адамдардың бір-біріне құрмет білдіруі, достық пейіл танытуы. Адам жаңа ортаға келгенде, көшеде алдынан кездескен таныс және бейтаныс адамдарға сәлем беруі – шарт. Сәлемдесу кезінде адамдардың бір-біріне ықылас-ниеті, ілтипаты байқалады. Сәлемдесу дәстүрлі сөз, ишара не дене қимылы арқылы жүзеге асырылады.

Амандасу – этика мен әдепке байланысты қатынас нормасы. Байырғы қазақ дәстүріне сәйкес амандасу адамның әлеуметтік тегінен, жалпы өмірдегі алатын орнынан белгі береді.

Халық арасында амандасу «Армысыздар!», араб тілінен енген «Ассалаумағалейкүм!» («Саған саулық тілеймін!») деген сөздер арқылы жүзеге асырылған. Оған «Бар бол, батырым!», «Уағалейкүмассалам!» («Өзіңде саулық тілеймін!»), «Аман-есенбіз!» деген жауаптар қайырылған. Ал амандасудың ишара түрлері: «төс қағыстыру», «қол алу», «маңдайдан иіскеу», «маңдайдан сүю», «қолдан сүю», көпшілікке қолын жүрек тұсына қойып, басын иіп амандасу т.б. Үлкен кісінің алдынан шығып, қолын алып амандасу – зор құрмет белгісі (1-сурет). Үлкен кісілер жастарды маңдайдан, сүйікті немерелерін көзден не қолдан сүйіп, мейірлене құшағына алған. Бұл амандаса отырып, еркелетудің бір белгісі болған.

Амандасудың өз реті, өз тәртібі бар. Жасы кішілер жасы үлкендерге, ер адамдар әйел адамға бірінші болып

амандасады. Ал жастар арасында қол алысып амандасу достықтың, сыйластықтың белгісі ретінде қалыптасқан.

Халқымызда «Сәлем – сөздің анасы» деген аталы сөз бар. Сөздің басы алдымен амандық сұраудан басталған.

«Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт барып сәлем береді» деген мақал бар. Ол – халқымыздың әдемі дәстүрі. Жол жүріп келген жанның жасына қарамай құрмет көрсету, жолаушының ат-көлік амандығын білу, бата беру.

Бүгінгі күнде сәлем беру заманауи үлгіде толығымен түскен. Үлкендерге жастар ізеттілік танытып: «Сәлеметсіз бе!» деп амандасса, құрбыларына «Сәлем!» деп жатады. Қазіргі күнде «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!» сөз тіркестері де сәлемдесу орнына жүреді.

Адам баласының саналы әрекетінің көрінісі – сәлем беру мәдениеті. Қазақ халқында «Сәлемі түзу екен», «Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені» деген сияқты адамгершілік сипатына көңіл толғанын білдіретін сөздер бар.



1-сурет. Амандасу



Талда!

Сәлемдесу әдебіне қатысты ойларды талдап, өз пікірлеріңді айтыңдар. «Менің атым Қожа» фильмінен амандасу түрлеріне мысал келтіріңдер.

- Сәлемдескенде орнынан тұрып, ізет білдіру керек.
- Жасы кіші адам үлкендерге бірінші болып амандасуы абзал.
- Көпшілік ортасына барған адам көліктен түсіп сәлем бергені жөн.
- Көлікте отырған адамның жаяу адамға бірінші сәлем беруі – әдептілік.
- Көлікте отырған адамның жаяу адамға бірінші сәлем беруі – әдептілік.



Өзіндік жұмыс

1. Батыр атамyzдың сөзін және өлеңді оқып, сәлемдесудің маңызы туралы пікіріңді айт.

Бір жерге барғанда сөзді сәлеммен бастамау – әдепсіздік. Сәлем беру – ізеттіліктің, кісіліктің баспалдағы. Сәлем беру – танысып білісудің, достасудың дәнекері.

Б. Момышұлы.

Сәлем

Сәлем – сөздің анасы,
Ұғын, қазақ баласы!
Бір ауыз сөз сәлеммен
Нұрлы сауап аласың!
Таң атқанда Әлемге
«Армысың!» де, «Сәлем!» де.
Амандасу – парызың,
Жауап қайтар сәлемге!

Үлкен, мейлі кіші ме,
Қарама түр-түсіне!
Сәлемде үлкен мән бар ғой
Біле білген кісіге...

Ел қылатын бар елді,
«Сәлем!» сөзі кәделі.
Түзелсін десең әлемді,
Түзе әуелі сәлемді.

М. Темірғалиева

2. Атақты жазушы Мұхтар Әуезовты әжесі кішкене кезінде ертіп апарып, Абайға сәлем бергізеді екен. Мәтінді тыңдап, Абайдың қандай өсиет айтқанын өз сөзіңмен жаз.



Ойна да ойла!

«Сәлемдесу тізбегі» ойыны

Ойын ережесі: қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр команда түрлі ұлт, халықтардың сәлемдесуін қолдана отырып, сәлемдесу тізбегін ойлап табуы тиіс. Мысалы: сәлеметсіз бе, ни хао, хай, мераба, гутен таг. Сонымен бірге аталған ұлттың амандасу қимылын да көрсетуі керек. Мысалы: Қазақстанда қол алысады, Италияда құшақтасады, Бразилияда иықтан соғады, Зимбабведе арқа сүйеп, Македонияда шынтақпен амандасады. Секундомер қосылғаннан кейін, командалар кезек бойынша өз тізбегінен сәлемдесуді белгіленген тәртіппен айта бастайды. Сәлемдесуді тезірек аяқтаған команда жеңіске жетеді.



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Қазақ халқының сәлемдесу дәстүрі, сәлемдесу түрлері туралы не білдің?
3. Әр елдің амандасу ерекшеліктері қандай?

§2.

Мен достарымның ортасындамын. Мен өз әрекеттерім үшін жауаптымын. Ата-анаға ризашылық білдіруді үйренеміз

Менгерілетін білім:

- Достық күші – қуатты құрал екенін түсіну.
- Адам өз әрекеті үшін жауапты екенін білу.
- Үлкенге құрмет көрсетуді, ата-аналарға ризашылық білдіруді үйрену.

Кел, ойланайық!

- Жақсы дос қандай болуы керек?
- Өз әрекеттерің үшін жауап бере аласың ба?
- Ата-анаға ризашылығыңды қалай жеткізер едің?

Түйін сөздер

Сыйлау, адалдық, сезім, жауапкершілік.

Маңызды ақпарат

- 1. Достық күші** – қуатты құрал. Ол – адамгершілік қасиеттің ең асылы. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек хандардың достығы – бір мемлекеттің іргесін қалаған ұлы күш. Олар ел тағдырын бірлесіп шешкен.
- 2. Жауапкершілікті сезіну.** Жауапкершілік — адам бойындағы тапсырылған істі, белгілі бір міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет.
- 3. Үлкенді ардақтау,** құрметтеу – аманат. Аманат – белгілі бір мүдделі талаптарды орындау шарты.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас сыйластыққа, адалдыққа, құрметке негізделеді. «Көппен көрген – ұлы той» деген халық нақылы бар. Адамдар бірлесіп қиындықты еңсереді, қуанышты бөліседі. Қоғамдағы адамдардың бір-бірімен сыйласуы түрлі сезім атауларымен түсіндіріледі. Мысалы: достық, адалдық, жауапкершілік, ризашылық, құрмет т.б.

Достық – адамға тән сан қырлы қасиеттен тұратын ұлы сезім. Бұл сезім адамдарды бірін-бірі құрметтеуге, медет бола білуге, шынайы тілектес болуға, адалдыққа баулиды. Достар арасында құпия сыр, айтылған арман, көздеген мақсат болады.

Досыңның көп болғаны жақсы. Ниеті түзу, жаны таза адам қашанда дос болуға лайық екенін таныта алады. Адамның бақыты – қуанышын бөлісіп, қиын шақта қолдайтын достарымен бір жүргені. Шын достықтың

өзі – баға жетпес байлық екенін түсінген адам: «Мен достарыммен біргемін. Олар менің арманымды қанаттандырып, сенімімді ұштайды, мақсатыма қол жеткізуіме қолдау көрсетеді» деп, мақтан тұтады.

Достасу мәдениеті адамнан жауапкершілік пен сенімді талап етеді.

Өз әрекеттеріңе жауапты болу – ең жақсы қасиет. Ол – ел сеніміне лайық болу, істі тиянақты орындау, жауапкершілікпен жұмыс істеу.

Адамгершіліктің ең жоғары сатысы – айналадағы адамдардың өміріне жауапкершілікпен қарау. Адам ата-анасын, бауырларын, достарын, өзімен бірге өмір сүріп жатқан жандарды бағалай білуі керек. Әсіресе үлкендерді құрметтеу ұрпақтан-ұрпаққа аманат десек те болады. Ата-ананы ардақтаумен бірге оларға өз ризашылығымызды білдіру де аса маңызды.

Ата-анамыз бізге өмір сыйлады. Олар бізді өсірді. Білім алып, болашаққа қадам жасауды үйретті.

Әр адам ата-анасының еңбегін ақтауы керек. Үй шаруасына көмектесу, олардың ақыл-кеңестерін тыңдап, оқуда жақсы нәтижеге қол жеткізу ата-анамызды қуантады. Оларға деген біздің ризашылығымыз жақсы істерімізден байқалады (2-сурет).



2-сурет. Ананы құттықтау



Талда!

Бейсен Құранбек – «Қазақстан» Ұлттық арнасы, «Жетісу» арнасында авторлық бағдарлама жүргізген талантты журналист. Ол жетекшілік еткен әрі жүргізген «Айтуға оңай» бағдарламасы ауыр жағдайға ұшыраған жандарға қайырымдылық, психологиялық көмек ұйымдастырғаны да белгілі.

Бейсен Құранбектің ұстанымдарымен таныс. Қалай ойлайсың, Бейсеннің жауапкершілігі жоғары азамат ретінде танылуына ұстанымдары ықпал етті ме? Сен өзіңе қайсыларын алар едің? Неге?

Бейсен Құранбектің ұстанымдары

1. Қорықсаң – істеме, істесең – қорықпа. Өзіңді де, өзгені де алдама.

2. Өріптестеріңді, жұмыс барысында кездескен адамдарды, көрермендерді сыйла.
3. Жұмысты құлшынып істе. Сәтсіздіктерден сабақ ала отырып, табандылық таныт.
4. Өз жұмысыңа толық жауапты бол. Нәтижеге қалай да жет!




Ойна да ойла!

«Алғыс» құрақхаты (пазл)

Екі топқа әке, ана атаулары жазылып, түрлі-түсті құрақ түріндегі сурет салынған плакат беріледі. Оқушылар әке мен анаға қатысты ойнаған ән бойынша, сол мәтіннен алынған сөз тіркестерін арнайы құрақ бөліктерге толтырады. Өз құрақ бөліктерін қатесіз, мазмұнды, мағыналы толтырған топ жеңіске жетеді.

Үлгі:



Қызықты ақпарат

Дос таңдау

Бір ортадағы адамдар бір-бірімен мінездері үйлесіп, топтаса бірігіп, дос болып жатады. Дос болу үшін адамдар бір-біріне тілек білдірмейді. Қиындықты бастан кешкен сынақ та достыққа негіз болуы мүмкін. Кейде адамның мінезін үлгі тұтып, дос ретінде араласып кетеді.

Қазақ халқында дос болу үшін белгілі бір шарт жоқ. Алайда сыйласқан, туыс емес жекжат адамдар балаларын достастыру рәсімін жасайтын болған.

Ал ерте заманда әлем халықтары тәжірибесінде достыққа алуан түрлі талаптар қойып, келісім жасау болған екен. Мысалы, Аустралия аборигендері өздерінен үш мәрте бір затты сатып алған адамды ғана дос санайды екен.

Кавказдықтарда дос болудың мынадай үш шарты болған екен:

1. Үлкендердің алдында ант қабылдауы.
2. Біраз жылдан кейін достықтары берік болуы үшін алтын жүзік салынған ыдысқа сүт құйып ішуі.
3. Бас киімдерін де алмастырып кию.

Ақпарат дереккөзі:

<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/63553/>



Өзіндік жұмыс

1. Достық, жауапкершілік туралы мақал-мәтел, қанатты сөздерді жинақта.
2. Оларды қолдана отырып, тақырыпқа қатысты шағын пікір жаз.



Білімңді тексер!

1. Бүгінгі тақырыптар туралы не айтар едің?
2. Өз әрекеттеріңе жауапкершілікпен қарайсың ба?
3. Ата-анаға үнемі ризашылық білдіріп отыруды әдетке айналдыру керек пе?

§3.

Дастарқан жаю және дастарқан басындағы әдеп. Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзіңді қалай ұстау керек?

Меңгерілетін білім:

- Қазақы қонақжайлылық.
- Дастарқан басындағы қарым-қатынас туралы ақпарат.
- Дастарқан әдебі.
- Дастарқанға отыру тәртібі туралы мағлұмат алу.

Кел, ойланайық!

- Дастарқан неліктен қасиетті орын деп саналады?
- Дастарқан әдебі қандай болады?
- Қазақ халқының дастарқан жаю ерекшелігі неде?

Түйін сөздер

Дастарқан, бата, қарым-қатынас, әдеп

Маңызды ақпарат

Қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық дәстүрі.

Дастарқан әдебі

1. Дастарқанға жайғасудың қазақи тәртібі:

Төрде осы әулеттің атасы немесе ақ жаулықты әже отырады. Олардың сол жағына ұлдары отырады. Олардан кейін келіндері жайғасады. Оң жағына қонақтар, қонақтан кейін отбасындағы қыздар отырады.

Дастарқанға алдымен «ас атасы – нан» қойылады.

Қазақ – қонақжай ел. Қонақпен бірге құт келеді деп есептелген. **Қонақты күту – адамгершіліктің жоғары үлгісі.** Қазақ халқының қонақ күту дәстүрінің өз ережелері бар:

- қонақты үйден шығып, қарсы алу;
- атын байлап, заттарын көтерісу;
- қонаққа танымаса да ерекше пейіл танытып, үйге шақыру т.т.

Дастарқан әдебін білу және сақтау – ұлттық дәстүрді құрметтеу. Қонақты ең сыйлы орын – төрге отырғызады. Қонақпен бірге төрде жасы үлкен, сыйлы жандар жайғасады.

Дастарқан басы – киелі орын. Үлкен кісілер жайылған дастарқан дәміне ықылас білдіріп, бата жасайды. Онда ауыр сөз айтуға, қатты күлуге, сыбырласуға, біреуді жамандауға тыйым салынған.

Қазақы дастарқан мәзірінен дәмі тіл үйіретін бауырсақ, таба нан, май, ірімшік, құрт, жент, балқаймақ үзілмеген. Бұл күнде дастарқан дәмі заманауи дәмді, тәттілермен толыға түскен.

Дастарқан – тазалықты насихаттайтын орын. Халқымызда ежелден келе жатқан қолға су құю дәстүрі бар. Үлкендер су құйған балаға «Ғұмырлы бол! Таудай азамат бол! Бақытты бол!» деп алғыс білдіріп, бата береді (3-сурет).



3-сурет. Қолға су құю

Дастарқан басындағы мәдениеті, үлкенге, қонаққа, өнерге құрметпен қарау – өнерлі ортада өзін ұстау әдебінің негізі. Көпшілік ортадағы мәдениет отбасында сіңірілген, әдептілік дағдыларынан бастау алады. Қоғамдық көлікте үлкендерге орын ұсыну, көлікке міну ережесін сақтау тәрбиені көрсетеді. Қоғамдық көлік пен театр, кинотеатрларда басқа адамдардың мазасын алмау, бей-әдеп сөйлемей де талап етіледі. «Театр киім ілгіштен басталады» деген сөз киімді арнайы орынға өткізу, алу барысында тәртіп сақтауға негізделген.

Мұражайларда елдігіміздің белгісі, бойтұмарлары мен көне жәдігерлер сақталады. Арнайы маман таныстырылымын, ақпараттары мен мәліметін ден қойып тыңдау маңызды. Тыныштық сақтау, жәдігерлерге қол тигізбеу – мұражай шарттарының бірі.



Талда!

Дастарқанға қатысты ырым-тыйымдармен танысып, өз ойларыңды айтып, қонақ күту әдебі, дастарқан мәдениеті туралы ойларыңды үш немесе бес тоқтам ретінде қорытындылаңдар.

- Үлкеннен, қонақтан бұрын төрге озып, тамаққа қол созба.
- Бата берілмей ас жеуге, дастарқаннан тұрып кетуге болмайды.
- Дастарқан басында айқайлап сөйлеу, сыбырласып күлу, асты дауыс шығарып шайнау әдепсіздік саналады.

Үлгі:

Ас сіңімді болу үшін, тамақтанар алдында су ішіп алған жөн. Дастарқанға отырмас бұрын су ішу асқазанды ас қорытуға дайындайды әрі тоқтық береді. Асты асықпай, баппен жеуге жағдай тудырады.



Қызықты ақпарат

Баталарды оқып, жаттап алыңдар.

Бата – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі.

Дастарқаныңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін,
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін,
Дендеріңе саулық берсін!

Қызырың қияласын,
Бастарыңа бақыт құсы ұяласын!
Рақмет дәміңе,
Ризалық берсін бәріңе.
Аман болсын басыңыз,
Жүзге жетсін жасыңыз.

Әумин!



1. Тұздың алынуы, қолданылуы, түрлері туралы шағын зерттеу жұмысын жүргіз.

Қазақ тұзды бейберекет шашпайды. Себебі барлық тағамның тұзсыз дәмі жоқ. «Астың иманы – тұз» деп қарайды. «Тұз төгілсе – ырыс төгіледі, дәм шамданады, ас азаяды. Жерге төгілген тұз еріп жоғалғанша, сол жерге тұзды төккен адам тұздай ащы тұрмыс кешеді» деп ырымдайды.

2. Дастарқан басындағы сөз сөйлеу әдебі туралы (өз отбасың немесе жалпы дәстүр бойынша) шағын бейнеролик түсір.

2-БӨЛІМ.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

Бұл бөлімде:

отбасындағы өзара сыйластық туралы
мәтіндермен танысамыз; өз Отанымыз
туралы білімімізді толықтырамыз; елімізді
мекендейтін ұлттар, достық туралы жаңа
мәліметтер аламыз.



§4.

Отбасындағы өзара сыйластық

Меңгерілетін білім:

- Отбасындағы өзара сыйластық, ұлттық құндылықтар туралы ақпаратпен танысу.
- Отбасылық құндылықтарды сақтау, жинақтау жайлы пікір алмасу;
- Ұлтымыздың отбасы құндылықтарының ерекшелігі туралы ой қорыту.

Кел, ойланайық!

- «Отбасы» сөзін естігенде сенің ойыңа не келеді?
- Отбасының бірлігін сақтайтын не?
- «Отбасы құндылықтары» дегенді қалай түсінесің?



Түйін сөздер

Отбасы, сыйластық, ұлттық құндылық, ізет.




Маңызды ақпарат

Отбасы – мемлекеттің кішкене бөлшегі.

Отбасы алдындағы жауапкершілікті түсіну – Отан алдындағы борыш, парызды түсіну.

Отан отбасынан басталады. Отбасындағы бауырлар ерекше сезім мен сыйластықты сезінеді. Ағайындылар жақын туыстармен сыйласып әулет деп аталатын бір қауым елді құрайды. Олардың бірлігі мен ынтымағы – елдің, ұлттың негізі. Демек, әр адам отбасы мүшесі болумен қатар ұлттың бір бөлшегі болып табылады.



Отбасы мүшелерінің қарым-қатынастары махаббат пен туыстық сыйласымнан, ынтымақ пен бірліктен тұрады (4-сурет). Барлық адам өз отбасын адамгершілік пен құрметтің, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мереке-нің мекені деп санайды. Өзінің өсіп-өнген алтын ұясын сағына еске алады.

Отбасы – баланы тұлға ретінде қалыптастыратын тәрбие мектебі. Отбасындағы сыйластық негізі – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, туыстарға қамқор болу, ата мен әженің ақылын тыңдау т.б. Сыйластық – отбасының алтын діңгегі. Қазақ халқы өз баласын мейірімділікке, имандылыққа, әдептілікке, жауапкершілікке баулып өсірген.



4-сурет. Отбасы – бірлік бастауы

Әр отбасының отбасылық мерекелері, еңбек шежіресі, әулеттік дәстүрлері мен құндылықтары болады. Осыны меңгерген бала өз Отанын, елін, жерін сүйетін нағыз азамат болып шығады.

Отбасындағы қарым-қатынас, сыйластық пен жауапкершілік тәрбиесі – болашақ тұлғаның патриоттық өнегесі мен қоғам дамуы, өзге елдер мен әлем халықтарының өміріне қатысты азаматтық көзқарасын қалыптастыратын үлгі бастауы.



Талда!

Аңыз-әңгімені оқып, талда. Отбасындағы сыйластықтың маңызы туралы ой-пікіріңді қорытындылап айт.

Отбасы татулығы (аңыз-әңгіме)

Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Ол отбасы ерекше екен, отбасының өзара келісімде, татулықта өмір сүруі елді таңғалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен. Бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша бұлай болу мүмкін емес деп ойлап, естігенінің ақ-қарасын анықтау үшін ауылға келеді. Ауылда тап-таза, барлығы да жеткілікті,

тыныштық пен береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-мейрам. Бұған патша таң-тамаша болды. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді. Ол ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінді. Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспеншілік», жүз рет «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып береді. Үш сөзді оқып патша таңқалып:

– Осы ақ-па? – дейді.

– Иә, – деді ақсақал. – Барлық жақсы отбасылары тек осы қасиеттерден құралады, – деді де, сәл ойланып «Және шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды.



Қызықты ақпарат

Италияда отбасы («la famiglia») үлкен маңызға ие. Италияндар көп уақытын, әсіресе түскі және кешкі ас кезінде, отбасымен бірге өткізеді.

Жапондық «Koseki» және «Ie» қағидасы. Жапонияда отбасылық қатынастарды реттейтін өзіндік қағидалар бар. Мысалы, үй, күріш егістігі, басқа да мүліктер ата-анасы қартайғанда отбасындағы үлкен ұлдың иелігіне көшеді. Ал ол ата-анасын қартайған шағында бағып-қағуға тиіс. Дәстүр бойынша тұрмыс құрған екі жас бір текті таңдауы керек. Ол ерінің немесе әйелінің тегі болуы мүмкін.

Аргентина, Испания бүлдіршіндері кешкі сағат 10-ға дейін жүруге ерікті. Ұзақ отбасылық асқа қатысуға рұқсат етіледі.

(А.А. Козмина «Италия отбасыларының мәдениеті»,
К.С. Воркина «Жапондық отбасылар тағылымы»)



Ойна да ойла!

Картаны дәптеріңде толтырып, қорытынды шығар.

Өзіңді құрметтеу – өзгені құрметтеу (психологиялық карта)

Оқушының аты-жөні: _____

Өз бойыңда қандай жақсы қасиеттер бар деп ойлайсың?

Отбасыңда сыйлау, құрметтеу туралы туралы не айтылады? Сен оны үнемі есте ұстайсың ба? _____

Сыныптағы достарыңды қандай қабілет, қасиеттері үшін құрметтейсің? _____

Сабақ кезіндегі достарыңмен қарым-қатынасың қандай? Сен оларға қиын жағдайда қолдау көрсете аласың ба? _____

Сыныпта сыйлымын деп ойлайсың ба? Егер керісінше болса, қандай себебі бар деп ойлайсың? _____

Өзіңе деген құрмет өзгені де түсініп, сыйлауыңа ықпал етеді деп ойлайсың ба? _____

Күні «_____» _____ 20____ ж



Өзіндік жұмыс

1. Берілген сөздердің арасынан отбасының ынтымағын арттыратын бес сөзді таңда. Өз таңдауыңды түсіндір. «Рухты сөздер» аукционын ұйымдастырыңдар.

Сүйіспеншілік, әдептілік, жауапкершілік, әділдік, тазалық, жанашырлық, достық, төзімділік, қамқорлық, сыйластық, мейірімділік, құрмет, даналық, сабырлылық.

2. Мәтінді тыңдап, Абайдың өз отбасында қандай дәстүр қалыптастырғанын айтыңдар. Бұл отбасы бірлігін, сыйластығын арттыруға ықпал ете ме, қалай ойлайсың?



Білімді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Отбасы құндылығын не үшін сақтау керек?
3. Отбасындағы сыйластықтың қоғам үшін маңызы қандай?

Меңгерілетін білім:

- «Отан» ұғымының мәнін ашу.
- Отанға деген құрмет сезімін ояту.

Кел, ойланайық!

- Отан дегенде көз алдыңа не келеді?
- Қазақстанда туғаныңды мақтан тұтасың ба?

**Түйін сөздер**

Отан, парыз, мақтан тұту.

**Маңызды ақпарат**

Қазақ халқының ең қасиетті ұғымдары – Отан, ата-жұрт, атамекен.

Қазақстан (толық атауы Қазақстан Республикасы)

Елдің елордасы – Астана қаласы. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

1991 жылы 25 қазанда егемендік туралы құжатқа қол қойылды.

Өз Отанымды мақтан тұтамын!

Отан – әр адам үшін қасиетті ұғым. Ол «ата-баба мекені» деген түсініктен басталады.

Біздің Отанымыз – Қазақ жері! Біз өз Отанымыздың өркендеп дамуын қалаймыз. Ғалымдар, арнайы кәсіп иелері, білікті мамандар және қарапайым еңбек адамдары Отан үшін еңбек етіп, гүлденуіне үлес қосады (5-сурет). Ал жас ұрпақ, яғни сендер, білім алып, ол білімді мамандық алу ізденісіне жалғастырып, болашаққа дайындалудасыңдар. Демек, өз Отаныңның болашағы сендердің қолдарыңда.

Қазақстан – жас тәуелсіз мемлекет! Иә, оның тарихы өте ерте замандардан басталған. Көне замандарда «сақтар», «ғұндар», «түркілер» деп аталған көшпенді бабаларымыз болғанын тарихтан білесіңдер. Халқымыз XV ғасырдан бастап, «қазақ» атауымен тарихта танылды. Бір ұшы күншығыстағы Алтай тауымен, екінші ұшы батыстағы Каспий теңізімен ұштасады. Оңтүстігінде Алатау сілемдері, солтүстігінде Сарыарқамен ұласатын Солтүстік қазақ жазығы. Төрт құбыламызда 5 шет мемлекетпен шекараласпыз. Солтүстігі мен бастысында Ресеймен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанмен шектеседі. Батысында Каспий теңізі арқылы Өзірбайжан, Иран елдеріне, өзен жолдарымен Азов теңізіне, Қара теңізге шыға алады. Мұхитқа шыға алмайтын ең үлкен мемлекетте – Қазақстан. Шекараның жалпы ұзындығы 12187 км.



5-сурет. Еңбек түбі – береке

Қазақстан Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқан. Жері кенге бай, кең өлке – өз ұрпақтарының нағыз бақыт мекені! Ақиық ақын М.Мақатаев сүйінішін: «Айналайын, атамекен, ақ мекен, қандай қазақ сені іздеп тапты екен?!» деп жыр жолдарымен жеткізген. Осындай жерге билік ету арманы болған өзге елдер ғасырлар бойы елімізге соғыс ашып, көз тіккен. Бабаларымыз: «Ел мен жер болашақ ұрпактікі!» деген ұстанымды берік ұстап, елімізді қорғап, оны аман сақтауды кейінгі ұрпақтарға аманат еткен.

Тәуелсіздік алған жылдарда Қазақстан әлемге әр қырынан танылды. Өз экономикасын көтеруге, тұрғындарының жағдайын түзетуге, жас ұрпақты білім беріп қажетті мамандықта даярлауға көңіл бөлді. Отанды дамыту үшін тек қол еңбек емес, білімді қажет ететін ой еңбек те, елді басқару жүйесі де керек. Экономикаға үлес қосатын спорт, өнер мен мәдениет те даму керек. Бұл салаларда еліміздің атын шығарып, әлемге әйгілеп жатқан жандар көп-ақ. Олар туралы біз баспасөз беттері, теледидар мен әлеуметтік желілерден оқып, біліп отырамыз.

Тарихы терең, болашағы бекем Қазақстан – «Мен өз Отанымды мақтан тұтамын!» деп айтуға лайық өлке.



Талда!

Отан туралы айтылған пікірлерді, өлеңді оқып, «Отан» дегенде өзіңде қандай ой туатынын жаз.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат.

Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат.
Туып-өскен елің қымбат.

Қазыбек би

Отан – біздің ең үлкен анамыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы.

М.Шаханов.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем!...
Отан!
Отан! Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!

М.Мақатаев.



Қызықты ақпарат

1. Адамзат ғарышқа тұңғыш рет Қазақстандағы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшқан.
2. Медеу – әлемдегі ең биік орналасқан жасанды мұз айдыны. Таудың таза суынан құйылатын мұз айдынында 170 әлем рекорды тіркелген.
3. Қазақстанның аумағына бес Франция, үш Түркия немесе жеті Жапония сыйып кетер еді.
4. Қазақстанның аумағы Азия мен Еуропада орналасқан.
5. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі құрлықпен өтетін ең ұзын шекара болып табылады: Оның ұзындығы 7,5 мың шақырымнан асады.
6. Жылқылар алғашқы мәрте қазіргі Қазақстанның аумағында қолға үйретілген.
7. Қазақстандағы Балқаш көлі – әлемдегі ең ірі көлдердің бірі. Көл суының жартысы тұзды, жартысы тұщы.

Дереккөзі: el.kz



Өзіндік жұмыс

1. Жеке жұмыс.

Бейнежазбамен танысып, туған жердің, табиғаттың Абайдың болашағына, шығармашылығына қандай әсері болғанын түсін.



2. Топпен жұмыс.

«Адамдарға құрмет – бақыт кілті» тақырыбындағы жобамен жұмыс.

Жобаның мақсаты: өзін және айналасындағы адамдарды құрметтеуді қалыптастыруға үйрету.

Жоба жоспары:

1. Тақырыпты зерттеу: өзіңді және айналадағы адамдарды құрметтеудің маңызды екенін, оның айналаңа қалай әсер ететінін бақылау.
2. Әлеуметтік іс-шара: «Менің атым Қожа» фильмін көріңдер. Фильм соңында Қожа қандай шешімге келді? Неге ондай шешім қабылдады деп ойлайсың?



Білімді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Бүгінгі білімді қалай қолданар едің?

Меңгерілетін білім:

- Ұлт деген ұғыммен тереңірек танысу.
- Халықтың құрамын білу.
- Бірлік – ұлттың айнымас қазығы екенін түсіну.

Кел, ойланайық!

- Ұлт деген кім?
- Өзге ұлттар біздің елге қалай келген?
- Ынтымақ пен бірлік күні қашан тойланады?

Түйін сөздер

Ұлт, халық, тарих, бірлік, біртұтас ел

Маңызды ақпарат

Ұлт – тіл, тарих, қандастық, мәдениет, мінез секілді ортақтықтар негізінде қалыптасқан адамдар қауымдастығы.

Қазақстанның ұлттық құрамы алуан түрлі. Халықтың басым бөлігін тұрғылықты қазақ халқы құрайды, одан басқа орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар және басқа ұлттар бар.

Ұлы даланы мекен еткен көшпенділердің бір бұтағы – қазақ халқы. Ол – тілі, мекені, тарихы, мемлекеті бар ұлт.

Қазақстан қазақ халқының атамекені болғанмен, бұл жерді басқа ұлттар да мекен етеді. Бір мемлекетті мекендеп, сол елдің тарихын құрайтын ұлттар өзі мекен ететін елге құрметпен, отаншылдық сезіммен қарауы керек. Қазақстан – жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір көптеген ұлттар мен ұлыстардың ортақ Отаны саналады. Өзге ұлттардың тарихи Отаны бар екенін де білген жөн. Мысалы: өзбектердің тарихи Отаны – Өзбекстан, корей ұлтының тарихи Отаны – Корея т.б. Сол сияқты шетелдегі қазақтардың тарихи Отаны – Қазақстан.

Әрбір жеке адам туғаннан бастап осындай әлеуметтік және мәдени бірегейлік тән бір ұлттың өкілі болып саналады.

Ұлттың төлтума мәдениетін, оның дәстүрлерін сақтау әр ұлт үшін өмірлік маңызы бар мәселе болып табылады. Қазақстан – осы мәселені шешіп, құрамындағы ұлттардың құқығын қорғап отырған мемлекет (6-сурет).



6-сурет. Халықтар достығы

Қазақстанда мекен ететін қазақтан баса ұлт өкілдері елімізге түрлі тағдырмен келген. Кейбіреулері соғыс жағдайында келіп қоныстанса, кейбірі саяси қуғын көріп келді, енді бірі бұл жерді өзі таңдап мекен еткен.

«Береке бастауы – бірлік, ынтымақты тату тірлік» қағидасын ұстанған елімізде **1 мамырда** ынтымақ пен бірлік күні тойланады.

2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – **1 наурыз** елімізде «**Алғыс айту күні**» деп жарияланды. «Бұл күн барлық этностардың бір-біріне мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді» деп атап көрсетілді.



Талда!

Сұрақтарға жауап беріп, ұлтаралық қарым-қатынас елімізде қандай екені туралы өз ойларыңмен бөлісіңдер.

1. Өзге ұлт өкілдерінен достарың бар ма?
2. Қалай қарым-қатынас жасайсыңдар?
3. Қай тілде сөйлесесіңдер?



Қызықты ақпарат

Қазақстан – көп ұлтты және ұлтаралық келісім тұрақтылығының негізін қалаған ел. Қазақстанда 11 тілде хабар таратылады. Билік органдарында және Президент Әкімшілігінде 64 ұлттың өкілі жұмыс істейді. ТМД-ның ешбір елінде нақ осындай жағдай туғызылмаған. Қазақтар «бетке ұстар ұлтқа» айналды және мұнымен санаспауға болмайды.

Рой Медведев



Өзіндік жұмыс

1. Өз көшеңнің ұлттық құрамын зертте.
2. Олар кімдер, қандай ұлт өкілдері?



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Ынтымақ пен бірлік мерекесі қашан тойланады?
3. «Алғыс айту» күнінің мәні қандай?

3-БӨЛІМ.

МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Бұл бөлімде:

әлеуметтік желі, әлеуметтік желідегі
аккаунт туралы мәлімет аласың;
алғашқы ақша және олардың функция-
лары қалай пайда болғанын, адам еңбегі
қалай бағаланатынын білесің;
отбасының кірістері мен шығыстары
неден тұратыны, қалта ақшасын қалай
басқаруға болатыны туралы мағлұмат
аласың.





Меңгерілетін білім:

- Әлеуметтік желі туралы ақпаратпен танысу;
- Аккаунт құруда ескеретін басты жағдайлар;
- Аккаунтты дұрыс пайдалану.



Кел, ойланайық!

- Әлеуметтік желі дегеніміз не?
- Әлеуметтік желінің қандай түрлері бар?
- Әлеуметтік желіде аккаунттың бар ма?



Түйін сөздер

Әлеуметтік желі, Интернет, файл, ақпараттар қоры, аккаунт.



Маңызды ақпарат

Ғаламтор бір-бірімен байланысып, деректерді қабылдау және жіберу стандарттарымен біріктірілген компьютерлер мен компьютерлік желілердің жиынтығы. Ол жер шарын қамтып жатқан ауқымды, бүкіләлемдік ақпараттық жүйе болып табылады.

Бүгінгі күнде «интернет», «сайт» сөздері баршаға таныс. Әлеуметтік желіні барлық адамдар қолданады. **Әлеуметтік желі** – адамдардың ғаламтордағы ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау құралы. Бүлдіршіндер Интернетте ойын ойнап, мультфильмдерді тамашалайды.

Ересек адамдар әлеуметтік желіні көбіне ақпараттық қызмет көзі ретінде қолданады. Әлеуметтік желілердің жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға пайдасы зор. Ғаламтордан түрлі әуен, фильмдер, ойындардан басқа қызықты мақалалар, аудиокітаптар, түрлі курстарды қарауға, тамақ істеу, би т.б. үйренуге болады.

Әлеуметтік желілерге «Facebook», Instagram, «Classmates» (сайт аудармасы «Сыныптастар») т.б. жатады. Әлеуметтік желіге, мессенджерлерге (7-сурет) адам аккаунт арқылы кіреді.

Сен аккаунт туралы жиі естисің. Аккаунт – веб-сайттағы пайдаланушының жеке парағы. Бұл термин көбінесе әлеуметтік желілерге қатысты қолданылады, бірақ аккаунттарды порталдарда, форумдарда және т.б. тіркелгеннен кейін пайда болатын «электрондық пошта қызметтеріндегі профильдер» немесе «жеке аккаунттар» деп те атайды.

Аккаунт – веб-сайттағы пайдаланушының жеке парағы.



7-сурет. Әлеуметтік желі және мессенджерлер

Аккаунт дегеніміз – қолданушының өзі жайлы мәліметтерді толтыратын есеп жазбасы.

Аккаунт желіге тіркелу үшін толтырылады. Толтыру барысында төмендегідей анкеталық мәліметтер сұралады: желідегі атау, құпия сөз, тіркелушінің аты, тегі, әкесінің аты, жынысы, туған жылы, фотосуреті және т.б. Әлеуметтік желіге тіркелу кезінде ең қажетті ақпаратты ғана енгізу керек. Өзіңнің нақты мекен жайыңды, телефон нөміріңді құпия сақтаған дұрыс.

Интернетті және әлеуметтік желілерді шектен тыс қолданудың білім сапасының төмендеуіне, денсаулықтың бұзылуына де әсері бар. Сондықтан Интернетті пайдаланғанда уақытты шектеу, көзге арналған жаттығуларды жасау сияқты талаптарды сақтауды ұмытпа.



Талда!

Интернетті көп пайдаланудың зияны болуы мүмкін бе? Мәтінді оқып, талдаңдар. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шараларын ұсыныңдар.

Мамандардың айтуынша, біріншіден, Интернетте отырған кезде адам отбасы мен достарының өтініштерін мүлдем елемейді екен. Екіншіден, жиі депрессияға ұшырайды және интернетсіз қалған уақытта қатты мазасызданады. Үшіншіден, ешқандай хабарлама келмесе де, 15 минут сайын ұялы телефоны мен жеке аккаунтын бірнеше мәрте тексеріп қарайды.

Ал ағзаға әсерінің физикалық белгілері – бастың қатты ауруы немесе арқаның бүкірейіп кетуі. Дұрыс тамақтанбау, жеке бас тазалығына немқұрайлы қарау, ұйқының бұзылуы. Міне, осындай кері әсерлерін де ескергеніміз жөн. Сондықтан компьютерде жұмыс жасау күніне 1 сағаттан аспауы керек. Компьютерде түзу отыр. Монитор кемінде 50 см-ден артық қашықтықта болсын.



Өзіндік жұмыс

1. Алғашқы ұстаз Ы.Алтынсаринның өлеңін Microsoft Word программасында теріп жазып, Whatsapp мессенджері арқылы өлеңді достарыңа таратыңдар.

Өнер-білім бар жұрттар

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.

Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі дағы анықтай,
Білмегенде танықтай;
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай...
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай...
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

Ы.Алтынсарин

2. Whatsapp желісіндегі аккаунтты қалай құруға болатыны, қандай мүмкіндіктері бар екенін зерттеп, жазып кел.



Қызықты ақпарат

1. Әр 20 минут сайын facebook-те бір миллион сілтеме таралады.
2. Әр секунд сайын 8 адам қандай да бір әлеуметтік желіге тіркеледі.
3. Орта есеппен алғанда әрбір қолданушы өз аккаунтына күніне 2 рет кіреді.



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Әлеуметтік желі не үшін керек?

§8.

Алғашқы ақша және олардың функциялары қалай пайда болды? Адам еңбегі қалай бағаланады?

● Меңгерілетін білім:

- Ақша туралы білім көзін толықтыру.
- Ақшаның қызметін, адам еңбегін бағалау.
- Еңбекақы туралы мәлімет.

● Кел, ойланайық!

- Ақша дегеніміз не?
- Ақшаның қызметтері қандай?
- Адам еңбегі дегенді қалай түсінесің?
- Еңбекақы деген не?



Түйін сөздер

Ақша, тауар, еңбек, еңбекақы.



Маңызды ақпарат

Еңбек – белгілі мақсатпен жасалатын қоғамға пайдалы жұмыс. Еңбек физикалық және ақыл-ой еңбегі болып бөлінеді.

Физикалық (дене) еңбек – адамның бұлшық ет күші мен төзімділігімен байланысты еңбек әрекетінің түрі.

Ақыл-ой (интеллектуалдық) еңбегі – ақпаратты қабылдау, талдау және өңдеумен байланысты еңбек әрекетінің түрі.

Қазіргі уақытта қоғамның өмірін ақшасыз елестету мүмкін емес. Өйткені ол – тіршілікке қажет заттарды алу үшін қолданылатын басты төлем құралы.

Ерте замандарда адамзат ақшасыз да өмір сүрген. Адамдар шаруашылықпен айналысып, өмір сүру үшін қажетті қарапайым қолданыс заттарын бейімдеп жасап алған. Кейін келе қажеттілікке қарай заттардың айырбастау әдісі жүзеге аса бастады. Біртіндеп төлем түрін ойлап табу қажеттілігі туды. Сөйтіп төлем құралы – ақша пайда болды.

Қағаз ақшаның VIII ғасырда Қытайда пайда болғанын саяхатшы Марко Поло айтқан. Алайда қағаз ақша Еуропада тек XV ғасырда ғана қолданыла бастады. Франция, Англия, Америка Құрама Штаттары және басқа елдер бұл айырбас түріне тек XVII–XIX ғасырлар аралығында көшті.


Ақша – есеп айырысу бірлігі.

Ақшаны түрлі нәрселерді сатып алу үшін қолданады. Ақша арқылы заттардың қанша тұратынын бағалаймыз.

Қажет кезде жұмсау үшін ақша қорын жинап қоюға болады. Ақшаның түрлері: қағаз ақша, металл ақша, электронды ақша (8-сурет).

XX ғасырдағы пластикалық карталар – электрондық әмиянның бір түрі.

Ақшамен адам еңбегі де бағаланады.



8-сурет. Ақша түрлері

Адам жұмыс істегенде күш жұмсайды. Ол білек күші немесе ақыл-ой күші болуы мүмкін (9-сурет).

Дене немесе білек күші арқылы жасалатын еңбек нәтижесінде тұрғын үйлер, әсем ғимараттар, жиһаздар, жолдар мен көпірлер, ауыл шаруашылығы, тамақ пен киімге қол жеткізіп отырмыз.



9-сурет. Еңбек түрлері

Ал ақыл-ой еңбегіне мәдениет саласындағы жетістіктер (музыка, әдебиет, сурет пен сәулет), ғалымдар еңбектері жатады.

Адам еңбегі жасаған жұмыс көлеміне, сапасына қарай бағаланады. Адам атқарған еңбегі үшін еңбекақы, сыйақы алады.

Адамның еңбегі, еңбек саласындағы құқықтары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және басқа да заңдармен қорғалады.



Талда!

Мәтінді оқып, ақша туралы деректермен таныс. Ұлттық валютамыз – теңге туралы не білдің?

Теңге жайлы қызықты мәліметтер

- Әлемдегі ең танымал банкнот – АҚШ-тың 100 доллары.
- Ең ауыр тиын (монета) Швецияда жасалды, оның салмағы 19 кг болатын.

- Ең алғашқы төл теңгемізде қазақтың ұлы ойшылдары, күйші-ақындары мен хандарының бейнесі бейнеленген болатын. Атап айтсақ, оларда әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Абай, Әбілқайыр мен Абылайхандардың суреті болған.
- Теңге атауы ортағасырлық түркі күміс монеталарының «денге» сөзінен шыққан.
- Алғашқы қазақстандық монеталар Германияда жез, никель және күмістен жасалды.
- Ұлттық валюта дизайнының бас авторы – сәулетші және суретші Тимур Сүлейменов.
- Теңге 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға енгізілді.
- Теңге үш жыл қатарынан (2011, 2012, 2013) әлемдегі ең әдемі ақша деп танылды.



Қызықты ақпарат

Кейбір елдердің ақша бірліктері

Елдің атаулары	Ақша бірлігі	Елдің атаулары	Ақша бірлігі
Қазақстан	1 теңге = 100 тиын	АҚШ	1 доллар = 100 цент
Ресей	1 рубль = 100 копеек	Англия	1 фунт стерлинг = 100 пенс
Украина	1 гривня = 100 копейка	Израиль	1 шекель стерлинг = 100 агора
Беларусь	1 рубль = 100 копеек	Жапония	1 иен = 100 сена
Өзбекстан	1 сум = 100 тийн	Сауд Арабиясы	1 риал = 100 халал
Қырғызстан	1 сом = 100 тыйн	Түркия	1 лир = 100 куруш
Тәжікстан	1 сомони = 100 дирам	Кувейт	1 динар = 100 дирхам = 1000 филса
Әзірбайжан	1 манат = 100 гепик	Қытай	1 юань = 10 цзяо = 100 финям
Армения	1 драм = 100 люма	Йемен	1 риал = 100 филса
Молдова	1 лей = 100 бань	Кипр	1 фунт = 100 миллима
Біріккен Араб Әмірлігі	1 динар = 100 филса	Үндістан	1 рупия 100 пайса



Ойна да ойла!

Мирас пен Алма анасының туған күніне дайындықты бастап кетті. Олар жылда анасына газет шығарып, әнмен құттықтайтын. Бұл жолы олар анасына әдемі орамал сыйлауды жоспарлады. Алма ағасына ақшаны әкесінен сұрауға кеңес берді. Ал Мирас ақшаны өздері де таба алатынын айтты. Балалар ақылдаса келіп, өз қолдарымен жасалған заттарды сатуды жоспарлады. Ең қиыны өнімдерінің бағасын анықтау болды. Мирас есептей келе моншақтан жасалған сақиналарды 100 теңгеден, білезіктерді 200 теңгеден, сырғаларды 300 теңгеден, гүл салатын вазаларды 500 теңгеден бағалады. Ол қарындасына моншақ, тоқыма жіптер мен сымдарды әкеліп қана қоймай, сатып алынған заттар бағасын жазып жүрді. Мирас жасалған заттың бағасын қалай есептеп шықты деп ойлайсыңдар?



Өзіндік жұмыс

1. Төмендегі еңбек түрлерін кімдер атқаратынын зерттеңдер:
 - ой жұмысы;
 - шығармашылық жұмыс;
 - құтқару жұмысы.
2. «Алғашқы ақшаның пайда болуы» тақырыбына Microsoft PowerPoint программасында презентация жаса.



Білімді тексер!

Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?

1. Ақша туралы қандай маңызды ақпарат алдың?
2. Адам өміріндегі еңбектің маңызы туралы не білесің?

 Меңгерілетін білім:

- Отбасының кірістері мен шығыстары неден құралатыны.
- Жұмсалатын шығынның табатын табыстан артық болмауы керектігін түсіну.

 Кел, ойланайық!

- Отбасының табысы деген не?
- Отбасының кірістері мен шығыстары туралы ойландың ба?

 Түйін сөздер

Отбасының табысы, кірістер мен шығыстар.

 Маңызды ақпарат**Отбасының кірістері**

- Еңбекақы және басқа жалдамалы жұмыс төлемдері.
- Әлеуметтік төлемдер (балаларға, мүгедектерге көмекақы, зейнетақы);
- Банктердегі жинақ, бағалы қағаздан түсетін кірістер.
- Қарызға немесе банктен несиеге алынған қаражат.
- Меншіктен түсетін табыс.

Өзіңнің отбасыңдағы табыс туралы ойланып көрдің бе? Ақша қайдан келіп, неге жұмсалады? Қалаған нәрсенді алып беруді өтінгенде, «келесі жолы алайық» деген сөзді естігенде ренжіген кезің болды ма? Енді осы сұрақтар жауабын іздеп көрейік.

Отбасының табысы – отбасы мүшелерінің еңбекақысынан және басқа табыс көздерінен (меншіктен түсетін табыс, қарттар мен балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақылар мен зейнетақылар, несиеге алынған ақша және т.б.) жиналатын қаражат. Меншік дегеніміз – пайдаланғаны үшін төлемді талап ете алатын өртүрлі мүлік немесе өнер туындыларына берілетін құқық. Отбасы кірісі, ең алдымен, қолданылған жарық, жылу, су төлемдері жұмсалады. Сонымен қатар азық-түлік киім-кешек, жұмысқа немесе оқуға қажетті құралдар, т.б. алуға бөлінеді (10-сурет). Жоспарлы демалыс, мәдениет орындарына баруға бөлінеді. Кейде ойластырылмаған шығындар да болып жатады.

Әр отбасы кірісті өз қажеттілігі мен мүмкіндігіне сәйкес жұмсайды. Яғни отбасы кірісін жұмсау отбасы шығынының есебін көрсетеді.

Шығындар – тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын ақша көлемі. Кіріспен шығысты есептеп отырмаған адам қаржы тапшылығын көреді.



10-сурет. Шығындар

Сондықтан мына күннен-күнге қарыштай дамыған заманда табысты орынды жұмсау үшін қаржы сауаттылығы керек. Оны осы кезден меңгере бастағаның дұрыс. Ол үшін, әрине, қанша кіріс бар, оны қайда жұмсау орынды және қарызданбау жолдарын алдын ала жоспарлай білген жөн.

Қарыздан құтылу үшін кіріс-шығысты есептеп, шығыннан құтқаратын жұмыс жоспарын жасап, түскен қаржының жұмсалуды бақылап отыру қажет.



Талда!

1. Сұрақтар бойынша жұпта пікір алмасыңдар.

- 1) Сен қаржы сауаттылығын меңгеру керек деп ойлайсың ба?
- 2) Отбасыңа ақша үнемдеуге көмектесу керек болса, не істер едің?
- 3) Сен өзіңе берілген ақшаны (қалта ақшасы, сыйлыққа берілген ақша) қалай жұмсайсың?

2. Мақалдар мен нақыл сөздердің мағынасын талдаңдар.

- 1) Теңге тиыннан өсер,
Тұлпар құлыннан өсер.

- 2) Теңге – тиыннан,
Ынтымақ – ұйымнан.
3. Білім – малы жоққа түгесілмес мал,
Қаржысы жоққа таусылмас қаржы.
4. Барлық адам ақшаның жоқтығына шағымданады, ал ақылдың аздығы туралы сөз қозғамайды.
- Еврей халқының мақалы*
5. Ақша – биліктің бір түрі, бірақ қаржы сауатылығы одан да құдіретті күш.

Роберт Кийосаки



Ойна да ойла!

«Кірісті еселеу» ойыны

Сен «Капитал», «Миллионер» сияқты ойындар барын білетін шығарсың? Ал біз «Кірісті еселеу» ойынын ойнап көрейік. Ол үшін кіріс көзінің номиналдарын қағазға жасап ал. Ол, әрине, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге, 50 теңге, 100 теңге, 500 теңге, 1000 теңге, 2000 теңге, 5000 теңге, 10000 және 20000 теңгеліктер.

Ойынның шарты бойынша біз есеп картасын жасаймыз. Ол бізге ақшаның жұмсалуды және сақталуын анықтауға мүмкіндік береді (1-кесте).

1-кесте. Есеп картасы

Кіріс орны	Кіріс. Түскен табыс	Табыс көзі. Не үшін түсті?	Шығыс. Қайда қолданылды?	Нәтижесі
Өз әмияным	700 теңге	Ата-анам берген апталық қолданыс қаржы	500 (жолға, тамаққа)	
Банк (біздің жағдайымызда, ақша жинау ыдысы, қорап)	Өр аптада үнемделген 200			200
Әкемнің сейфі	10 000	Атамның туған күніме берген ақшасы		10 000
Анамның жинақ қоры	5 000	Әкемнің киімге берген көрімдігі		5 000

Кіріс орны	Кіріс. Түскен табыс	Табыс көзі. Не үшін түсті?	Шығыс. Қайда қолданылды?	Нәтижесі
Басқа: Ұсақ тиындар қалтасы	190	Тауып алған және артылған ұсақ тиындарды жинадым		190
				15 390

Енді саған осы ақшаны еселеу жоспарын жасау керек. Мәселен, Мәди деген досың тек қолында тұрған ақшаны еселеу қажет деп ойлайды. Ол 500 теңгені екі аптада 5000 теңгеге еселемекші. Сол себепті ол ақшаны жұмсап, түсім түсіру жоспарын былай жасапты (2-кесте).

2-кесте. Еселеу жоспары

Бар қар-жым	Оған не аламын?	Оны қалай қолданамын?	Түскен ақшаны қалай жұмсаймын?	Нәтижесі
500	480 теңгеге бір бөтелке «Coca-Cola» сусынын аламын	Бір бөтелкеден алты стақан сусынды достарыма 150 теңгеден (бір рет қолданылатын стақан бағасын қосып, бұл жолы оған ақша шығармаймын, үйден аламын) сатамын.	Алғашқы 900 теңгеге тағы екі сусын аламын. Келесі жолы үш сусын аламын. Бұл жолы мен стақанды сатып аламын.	Менің есебім бойынша, мен орта есеппен, күніне бір сусын сатсам, онда менің болжамды есебім бойынша он күнде 9000 теңге түседі. Стақан аламын, қағаз майлық, т.б. шығындарымды есептеп, 5000 теңге кіріс кіргіземін.



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Отбасының кірістері мен шығыстарын білудің қандай маңызы бар?
3. Қалта ақшасын басқаруға қандай кеңестер ұсынар едің?

§10.

Қалта ақшасын қалай басқаруға болады?

● Меңгерілетін білім:

- Қалта ақшасы, оның қолданылуы.
- Ақшамен қарым-қатынас әліппесі.
- Қаржыны тиімді, үнемді пайдалану.

● Кел, ойланайық!

- Қалта ақшасы дегенді қалай түсіндіресің?
- Өзің қалта ақшасын дұрыс қолдана аласың ба?



Түйін сөздер

Қалта ақшасы, қолма-қол төлем, қаржыны басқару, сауаттылық.



Маңызды ақпарат

«Қалта ақшасы» – адамның күнделікті сатып алу, шағын шығындарды өтеу үшін өзімен бірге алып жүретін ақшасы.

Адамдар күнделікті қажеттілік шығындарына арналған ақшаны бөліп қояды. Бұл – әмиянда, сөмкеде, қалтада немесе электрондық картада сақталатын қаражат. Осы қаражат «қалта ақшасы» деп аталады. Ол банктегі шот ақшаларындай ірі көлемде болмайды. Қалта ақшасына өртүрлі номиналдағы банкноттар мен монеталар кіреді. Олар дүкендерде, мейрамханаларда, қоғамдық көліктерде және тауарлар мен қызметтерді төлеуге пайдаланылады. Сонымен қатар, қалта ақшасын жол ақысын төлеуге, қажет болған затты сатып алу үшін немесе өзге де шұғыл шығындарға жаратуға болады.

Бүгінгі күні электрондық төлемдер мен компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты қолма-қол ақшаны пайдалану азайды. Қалта ақшасы әлі де көптеген адамдардың күнделікті өмірінің маңызды бөлігі болып қала беруде. Қалта ақшасын басқару – бала кезіңнен қалыптасатын маңызды дағды.

Төменде қалта ақшасын басқара білуге тиімді кеңестерді ұсынамыз.

- Қанша ақшаң бар екенін және қанша жұмсағың келетінін анықта.
- Ақшаны не үшін жұмсауды ойлан: қажеттіліктер тізімін жасап, ең маңыздысын анықта. Ол шығындар туралы шешім қабылдауға көмектеседі.

Нақты қажеттілік пен мақсатсыз жұмсауды (қызығушылық пен қалау, тілекті) ажырата біл, мысалы, оқу құралдары – қажеттілік, ал төттілер – қалауың. Әрине бірінші кезекте қажеттілікке жұмсау керек.

- Ақшаңның бір бөлігін үнемдеп үйрен. Бұл болашақта пайдалы болуы мүмкін. Сауда жасар алдында тауарлар мен қызметтердің бағасын салыстыр. Ол да үнем мен тиімді жолды көрсетеді.
- Қаржыны басқару үйренуді, оқуды, қаржылық дағдыларды дамытуды талап етеді. Осы тақырыпта кітаптар мен мақалаларды оқу, ойындар мен тренингтерге қатысу әрқашан пайдалы әрі қаржылық мақсаттарды анықтауға көмектеседі.
- Қаржыға қатысты сұрақтар қоюға, білуге ұмтылып, қаржылық мәселелерді түсінуге көмектесетін ата-ана, мұғалім немесе басқа ересектерден кеңес сұраудан тартынба.

Бала күннен қалыптасқан қаржы сауаттылығы – сенің болашақ мақсаттарыңа қол жеткізуіңнің баспалдағы. Алға, болашақтың батыл да іскер тұлғасы!



Талда!

Сұрақтарға жауап беріп, кестені толтыр. Жауапты достарыңмен талда.

- 1) Күнделікті жұмсалатын қаржыңды, шығындарыңды есептейтіндей бақылау қолданбаларын пайдаланасың ба?
- 2) Қалта шығындарыңды қағазға жазып, есебін жүргізесің бе?
- 3) 3-кестені толтырып, достарыңмен ой бөліс.

3-кесте. Күнделікті қаржы

Күнделікті қолымдағы қаржы есебі	
Оны неге жұмсаймын?	
Үнемдеп көрдім бе?	
Енді қалай жоспарлайтын боламын?	



Болашақта өз бизнесінді жүргізгің келе ме? Әлемдегі бай адамдардың тізімінде 3-орынды иеленетін Уоррен Баффет кәсіпкерлік қадамын мектепте бастаған. Сен де «Бизнес қадамы» дәптерін баста. Онда танымал бизнесмендер тәжірибесін жазып отыр. 4-кестені дәптеріңе орында.

Уоррен Баффеттің биржаға деген қызығушылығын әкесі оятқан. Ол 6 жасында дүкеннен 6 банкі «Кока-Кола» сатып алып, оны өз отбасына екі есе бағамен қайта сатқан. Бұл оның алғашқы тәжірибесі десе болады.

11 жасқа келгенде қомақты қаржы жасағысы келеді. Ол бағалы қағаздармен жұмыс істеуді үйренеді. Кәсіпкерге сабырлы, шыдамды болу керек деген қағиданы ұстанады.

13 жасқа келгенде Уоррен «Washington Post» газетінде жұмыс істейді. Айлығы 175 доллар болады. Алайда ол жалданып жұмыс істеу оған миллион алып келмейтінін түсінді.

Университетте мықты мамандардан сабақ алды. Еңбекқорлығы мен шыдамдылығының арқасында Уоррен 31 жаста миллионер атанды. Ал қазір әлемдегі миллиардерлердің бірі.

Уоррен Баффет бүгінгі таңда «Berkshire Hathaway» компаниясының директоры және барлық акциясының иегері. Ол бұдан бөлек бірнеше ірі корпорацияның басшысы болып табылады.


4-кесте. Ой жинақтау кестесі

Тәжірибесі	Ол нені түсінді?	Мен неден бастар едім?
6 банкі «Кока-Кола» алып, оны өз отбасына екі есе бағамен қайта сатты		
11 жаста «Cities Service» компаниясының 3 акциясын сатып алып, биржадағы акция құнының өзгерісін бақылады.		
Жалданып жұмыс істеді		
Білікті мұғалімдерден білім алды		
Өз бизнесін ашты		



Ойна да ойла!

Өзің ең көп қалайтын нәрселердің тізімін жаса. Содан кейін оны сатып алудың және оған қарсы себептерді айт.



Біліміңді тексер!

Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
Қалта ақшасын басқарып үйренудің қандай маңызы бар?
Қалта ақшасын басқаруға қандай кеңестер ұсынар едің?

4-БӨЛІМ.

ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Досым, бұл бөлімде:
үй, аула, мектептегі қауіпсіздікті сақтау
негіздерімен танысасың;
өрттен сақтану жолдарын білесің; өз
қауіпсіздігің, денсаулығың өз қолыңда
екенін түсінесің; жолаушының көлікте
өзін ұстау тәртібімен танысасың.



Меңгерілетін білім:

- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ақпаратпен танысу;
- Қауіпсіздік ережелерін білу.

Кел, ойланайық!

- Өмір сүру қауіпсіздігі деген не?
- Қауіпсіздікті қалай сақтауға болады?

**Түйін сөздер**

Қауіпсіздік, өмір қауіпсіздігі, қауіпсіздік шаралары.

**Маңызды ақпарат**

Адам өміріне төнетін қауіп-қатерді, олардан сақтану жолдарын «Өмір сүру қауіпсіздігі деп аталатын ғылым зерттейді.

Қауіпсіздікті сақтау негіздері:

Табиғат апаты (зілзала, су тасқыны, найзағай түсу, даладағы өрт т.т.) жағдайында қауіпсіздік ережелерін білу;

Жолда жүру, жол апаты жағдайында қауіпсіздік шараларын сақтау;

Жеке адамнан келетін (зорлық-зомбылық, т.б.) қауіптердің алдын алу.

Өмір сүру қауіпсіздігі – адамның денсаулығына немесе өміріне зиян келтіретін әртүрлі жағдайлардан аман болу кепілі. Күнделікті өмірде, көшеде, мектепте, үйде және басқа жерлерде қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектесетін білім көзін меңгеру – уақыт талабы.


Қауіпсіздік – әрбір адам үшін басты мәселе. Қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Сол себепті үйде:

- Бейтаныс адамдарға есік ашпа. Біреу өтінішпен немесе ұсыныспен келсе, оны үйге кіргізбес бұрын ата-анаңа хабарла немесе ересектерге айт (11-сурет).
 - Отпен ойнаудан аулақ бол. Сіріңкемен немесе оттықпен ойнама. Түтін немесе өртті байқасаң, дереу ересектерге, тиісті орынға хабарла.
 - Электр тоғынан аулақ бол. Розеткаларға қол тигізбе немесе электр құрылғыларын ваннаға немесе судың жанына қойма.
 - Тұрмыстық химиялық заттардан сақ бол. Оларды кішкентай балалар ұстауға болмайды.
- Ауладағы қауіпсіздік:*
- Абайлап жүр. Ойын барысында қауіпті орындардан, шұңқыр басқада жерлерден аулақ бол.
 - Жолда ойнама! Жолда ойнау балалар үшін қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
 - Ойын алаңдарында абай бол. Жабдықтың ақауларын немесе басқа қауіптерді тексер.

Мектептегі қауіпсіздік:

- Тәртіпті сақтау. Дәліздер арқылы жүгіру немесе басқаларды итеру жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Мектептегі төтенше жағдайлар орын алғанда шығатын жолдарын білу керек. Өрт немесе басқа да төтенше жағдайларда қайда бару керектігін білу маңызды.
- Төбелестер мен жанжалдарға араласпа. Мектептегі, көшедегі балалармен қиындық туындаса, бұл туралы мұғалімге немесе ата-анаға айтқан дұрыс.

Қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау – амандық пен саулықта өмір сүру кепілі.



11-сурет. Бейтаныс адамға есік ашпа



Талда!

Топтарға бөлініп, сұрақтарды талдаңдар. Қауіпсіздік шаралары туралы шағын ескерту хабарламасын жасап, плакат түрінде ұсыныңдар.

1-топ

- Үйде қандай қауіпсіз және қауіпті заттар болуы мүмкін?
- Үйден өрт шыққан жағдайда не істеу керек?
- Электр құрылғыларын пайдалану кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?

2-топ

- Аулада не көшеде ойнау не себепті қауіпті болуы мүмкін?
- Бақылаусыз бүлдіршіндердің қауіпті жағдайға тап болуы мүмкін бе, оның алдын қалай алуға болады?
- Адамдар тарапынан бала өміріне қандай қауіп тууы мүмкін?

3-топ

- Мектепте өрт немесе басқа төтенше жағдай орын алса, не істеу керек?
- Мектеп оқушылары арасында түсініспестік, жанжал, туындаған жағдайда не істеу керек?
- Сыныптастармен қарым-қатынас жасаудың қандай тәсілі жанжал мен ұрыс-керістерді болдырмауға көмектеседі?

4-топ

- Сенің аулаңда ойнауға ең қауіпті орындар қай жерде? Оларды қалай қауіпсіз етуге болады?
- Бейтаныс адамның күдікті әрекетін байқасаң, қандай әрекет ету керек?
- Жолға доп домалап кетсе немесе басқа затты құлатып алсаң, не істеу керек?



Өзіндік жұмыс

Мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың тақырыпқа қатысын түсіндір.

Мақал-мәтелдер

1. Үнсіз ит пен тыныш судан сақ бол.
2. Сақ жүрсең, сау жүрерсің.
3. Түтінді түрткен, өзі өртенеді.

Жұмбақтар

Дабылға тез жететін,
Жалынға сүңгіп кететін.
Қақалса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім,
Жасқанбайтын батыр кім?

Жердің өрін жейді,
Жолда кезіккеннің,
Аямай бәрін жейді.
Бұл қандай алпауыт?
Айта ғой, дәл тауып?



Ойна да ойла!

Достарыңмен ақылдасып, ұстаздың көмегімен қауіпсіздік шаралары, қауіпсіздік ережелері мен оның алдын алу мазмұнындағы шағын сценарий ойластырып, мектеп сахнасында қойылым түрінде көрсетіңдер.



Білімді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Үйде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
3. Аулада қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
4. Мектепте қандай қауіпсіздік ережелері бар?

§12.

Отпен ойнама! Менің қауіпсіздігім – менің қолымда

Менгерілетін білім:

- Оттың қауіпті екенін білу.
- Қауіпсіздік шараларын түсіну.

Кел, ойланайық!

- От неге «тілсіз жау» деп аталады?
- Мен қауіпсіздігімді қалай қамтамасыз ете аламын?



Түйін сөздер

От, жалын, абай болу



Маңызды ақпарат

Өрт – тілсіз жау.

Өрт кез келген жерде болуы мүмкін, сондықтан өрттен сақтану шараларын, өртті сөндіру құралдарын қолдана білу керек.

Жауапкершілік.

Өз қауіпсіздігің өз қолыңда екенін түсіну өзгелердің өмірін сақтауға мүмкіндік тудырады.

Өрт – өте қауіпті құбылыс. Отпен ойнау ауыр жарақатқа, зақымдануға, тіпті адам өліміне әкелуі мүмкін.

Өрт өте тез таралады. Кішкентай ұшқын бет қаратпас жалынға айналуы, адам өміріне ауыр зардап әкелуі мүмкін. Оның түтіні де өте зиян. Жалын күйікке ұшыратса, түтін тыныс жолдарын улайды. Адам тұншығып қалады. Қазақ халқында осыған байланысты «ыс тию» деген сөз бар. Яғни түтінге улану. Кей жағдайда бөлінген у адамның өмірмен қоштасуына да себепкер болады. Сондықтан сіріңкемен және оттықпен ойнаудан өзің де аулақ бол, қауіпті екенін өзгелерге де ескертіп отыр. Егер пайдалану қажет болса, ересектердің жетекшілігімен, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, қолдану керек.

Асханада абай бол. Көптеген өрттер осы жерден басталады. Пешті ешқашан қараусыз қалдырма.

Өрт және киім. Киімге от түсіруден абай бол. Киім, әсіресе жанғыш материалдар тез жанып кетуі мүмкін. Техниканы қолданғанда абай бол (12-сурет).

Өрт көпшілік орындарда да орын алады. Ондай жағдайда қауіпсіздік ережелерін сақта, қорқынышқа бой алдырма.

Адамның қауіпсіздігі, ең алдымен, өз қолында. Үнемі жүріп жүрген жолда да, саяхатта да, ойын кезінде де қауіпсіздікпен сақтық шараларын ескерген орынды. Үлкендер үнемі ескертіп отыратын



12-сурет. Өрт қауіпсіздігі

жайттарды есте сақта. Ол сенің өміріңді сақтап қана қоймай, өзгелердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін. Тіпті достарыңмен бірге «Менің қауіпсіздігім – менің қолымда» тақырыбында түрлі қызықты шаралар (темекі шоғын өшіру, үзілген электр желісінің маңына қолдан жазып белгі қою, электр қуаты жоғары жерлерде, найзағай ойнағанда нені ескеру т.т.) ұйымдастырып отырсаң, ол қоғам қауіпсіздігіне үлес қосқаның болып табылады. Қауіпсіздік шараларын жүзеге асырғанда, «Менің қауіпсіздігім – менің қолымда» деп сенімді түрде айта аласың.



Талда!

Жұптасып сұрақтарға жауап бере отырып, жауаптарыңды талдаңдар.

- Неліктен шырпымен ойнамау маңызды?
- Үйдегі қандай заттар абайсызда қолданылса, өрт шығуы мүмкін?
- Үй өртеніп жатса, қандай әрекет жасай аласың?
- Өрт адамдар мен олардың жақындарының өміріне қалай әсер етеді?
- Абайсызда өрт шықса, қандай қадамдар жасар едің?
- Киімің кенеттен өртеніп кетсе, не істеу керек?



Өзіндік жұмыс

1. Топпен жұмыс. Қауіпсіздік – қауіптен қорғану. Көшеде де, үйде де, ұялы телефон арқылы да қауіпті жағдайлар орын алуы мүмкін. Бейнежазбаны көріп, өрт шыққан жағдайда не істеу керектігі жөнінде нұсқаулық құрастырыңдар.
2. Жұппен жұмыс. Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндіріңдер.
 - 1) Отпен ойнама – күйерсің,
Құйынмен ойнама – шаршарсың.
 - 2) Сумен ойнама – батарсың,
Отпен ойнама – жанарсың.
 - 3) Сусыз өмір жоқ,
Отсыз темір жоқ.
 - 4) Отты жалынмен өшірмес.
 - 5) От пен су – тілсіз жау.





Қызықты ақпарат

Дүниежүзінде өрт қауіпсіздігіне әртүрлі әдістер мен материалдар пайдаланылады.

1. АҚШ: аю Смоки. Табиғи өрттің алдын алудың осы символы 1944 жылы пайда болды. Бұл – өрт кезінде ағашқа шығып аман қалған, кейін «Смоки» деп аталған аюдың суреті. Оның «Табиғи өрттердің тек сен ғана алдын аласың» деген ұраны бүкіл елге танымал.
2. Fire Dog Sparky (Sparky the Fire Dog): Бұл кейіпкер бар мультфильмдер мен кітаптар балаларға қауіпсіздік негіздерін үйретеді. Ұлыбританияда Brigade Kids өрт қауіпсіздігі туралы интерактивті ойындар, викториналар және бейнелер бар Лондон өрт сөндіру қызметінің веб-сайты жасалған.

Австралия: орман өрттері туралы білім. Орман өрттері жиі болатын Австралияда мектеп оқушыларына өрт қауіпсіздігі туралы үйрететін арнайы бағдарламалар бар.

Жапония: дәстүрлі өрт қауіпсіздігі ілімдері. Кішкентай балалар ертегілер мен аңыздар арқылы өрт қауіпсіздігін үйренеді.

Канада: отбасын эвакуациялау жоспары. Эвакуация адамдардың өмірін сақтау мақсатында халықты төтенше жағдайлар аймақтарынан және зақымдау құралдары қолданылуы мүмкін аудандардан ұйымдасқан түрде әкету. Көптеген мектептер өз оқушыларын үйлеріне эвакуациялау жоспарын жасайды және оны отбасымен талқылайды.



Ойна да ойла!

«Үйде жалғыз қалу және қауіпсіздік» рөлдік ойыны

Мақсаты: үйде жалғыз қалған жағдайларды бағалау және қауіптің алдын алу қабілетін дамыту.

Шарты: қатысушыларға жалғыз қалған бала, байқампаз көрші, иесіз үйді аңдыған ұры рөлдері ұсынылады. Бірінші топ ойыншылар қандай жағдайда ұрылар әрекетінің өрт қауіпсіздігін туындатуы немесе бала өміріне қауіп төндіруі мүмкін екенін ойластырады. Қауіпті жағдайды көрші қалай сезетінін екінші топ ойластырып, ал жалғыз қалған баланың сақтану әрекеттерін ұрылардың әрекетіне жауап ретінде үшінші топ ойластырады.



Білімді тексер!

1. Өрт шықпау үшін қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
2. Өрт шыққан жағдайда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?

Меңгерілетін білім:

- Денсаулық туралы ақпарат алу;
- Денсаулық күтімі;
- Денсаулыққа зиян келу жайттары туралы білу.

Кел, ойланайық!

- Денсаулық дегеніміз не?
- Денсаулықтың маңыздылығы туралы не айтар едің?

Түйін сөздер

Денсаулық, күтім, спортпен шұғылдану, дәрумендер.

Маңызды ақпарат

Денсаулыққа қатысты ұғымдар: 1) физикалық денсаулық, 2) психикалық денсаулық.

Денсаулық кепілі:

- Дұрыс тамақтану.
- Физикалық белсенділік.
- Ұйқы және демалыс.
- Гигиена.
- Психологиялық саулық.
- Қауіпсіздік.
- Салауатты өмір салтын ұстану.

Денсаулық – адам ағзасы үшін аса маңызды мәселе. «Денсаулығы жақсы» деген сөз адам ағзасының ауырмаған, қалыпты жағдайын білдіреді.

Денсаулық ең құнды игіліктердің бірі. Ол – аурудың болмауы ғана емес, сонымен қатар физикалық және психикалық денсаулық жағдайы.

Физикалық денсаулық – біздің денеміздің жағдайы. Белсенді өмір салтын ұстану, сапалы тамақтану, жеткілікті ұйқымен қамтамасыз ету және үнемі медициналық тексеруден өту маңызды. Физикалық белсенділік жүрек денсаулығын сақтауға, иммундық жүйені нығайтуға және салмақты сақтауға көмектеседі.


Психикалық денсаулық – біздің эмоциялық және психологиялық жағдайымыз. Ол эмоциямызға қамқорлық жасау, күйзелісті жеңе білу, позитивті ойлауды дамыту және жақын адамдармен қарым-қатынас жасауды білдіреді. Психикалық денсаулық басқалармен сәтті қарым-қатынаста шешуші рөл атқарады. Айналада болып жатқан өзгерістердің адамның көңіл күйіне әсері болады. Сонымен қатар адамдардың саған деген көзқарасы, көпшіліктің арасында өзіңді қалай сезінуің сенің жан-дүниеге, саулығыңа әсер етеді.

Экологияның нашарлауы да денсаулыққа зиянын тигізеді: ауа ластанған болса, өкпеге кесірін тигізеді. Радиациясы көп жерлерде балалар қандай да бір аурумен дүниеге келеді.

Денсаулыққа күтім жасау да өз қолыңда. Ой еңбегімен қоса дене еңбегімен шұғылдану, табиғатқа саяхаттап, табиғи таза өнімдерді қолданып, денсаулыққа аса пайдалы дәрумендерді жеу күнделікті дағдыға айналуы керек (13, 14-суреттер).



13-сурет. Дәрумендер



14-сурет. Табиғатта серуендеу



Талда!

Мәтінді оқып, денсаулықты сақтау жолдары туралы мәліметтерді талдаңдар.

Физикалық денсаулық – біздің денеміздің жағдайы, барлық органдар мен жүйелердің жұмысы. Тұрақты жаттығулар мен дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға көмектеседі.

Психикалық денсаулық біздің эмоционалдық және психологиялық жағдайымызды көрсетеді. Күйзеліспен күресу, өз сезімдерін білдіру және басқалармен тіл табыса білу маңызды.

Әлеуметтік денсаулық – басқа адамдармен қарым-қатынасымыз, оны орнату және сақтау қабілетіміз. Достық, қарым-қатынас және ұжымдық жұмыстың маңыздылығы.

Гигиена. Қолды үнемі жуу, денені, шаш пен тістерді күту көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Аурудың алдын алу вакцинация, тұрақты медициналық тексерулер және дәрігерлердің кеңесі көптеген қиындықтарды болдырмауға көмектеседі.

Дұрыс тамақтану. Дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі және теңдестірілген диетаны қолдану. Зиянды сусындарды ішуге, темекі шегуге немесе есірткі қолдануға болмайды.

Қауіпсіз мінез-құлық. Жолды белгіленбеген орындардан қиып өту, жолдағы тосын оқиғалардан немесе отпен ойнау сияқты жағдайлардан аулақ болу.



Өзіндік жұмыс

Сұрақтарға жауап беріңдер. Пікірлерді денсаулықты сақтау туралы өз кеңестеріңді құрастырыңдар.

- Қандай тағамдар ағзамызға пайдалы, қайсысы зиянды?
- Таңғы ас ішу неліктен маңызды?
- Қандай спорт түрлерін немесе белсенді ойындарды ұнатасың?
- Неліктен ұйқы біз үшін соншалықты маңызды?
- Сен әдетте күніне қанша сағат ұйықтайсың?
- «Денсаулығыңа жауапты болу» деген нені білдіреді?
- Денсаулықты жақсарту үшін қандай әдеттерді өзгерткің келеді?



Қызықты ақпарат

Жапонияда жаңа жыл қарсаңында үйін, мектепті және жұмыс орындарын тазалау дәстүрі бар. Бұл – айналадағы кеңістікті тазартудың көрінісі ғана емес, сонымен қатар өткен жылдың «кірінен» арылу арқылы ішкі тыныштықты нығайтудың жолы. Мұндай тазалау айналадағы тазалықты ғана емес, сонымен қатар денсаулықты сақтауға көмектеседі, өйткені кеңістіктің тазалығы жағымсыз салдарлардың қаупін азайтады.

Үндістанда «Балаларға арналған йога» жұмыс жасайды. Мұнда балалар жастайынан йогамен айналысады. Бұл – физикалық жаттығулар және рух пен ақыл-ойды нығайтуға көмектесетін медитация. Көптеген мектеп оқушылары үшін йога күйзелісті жеңудің және денсаулықты жақсартудың әдісіне айналады.

Кейбір *африкалық тайпаларда* қауіп-қатерге толы жолдарда ұзақ жүгіру дәстүрі бар. Бұл – физикалық төзімділікті сынау ғана емес, сонымен бірге рухани саяхат. Жүгіру жүректі, өкпені және бұлшық

етті нығайтуға көмектеседі, сонымен қатар тәртіпке баулиды және өзін-өзі ұстауға үйретеді.



Ойна да ойла!

«Біздің белсенділігіміз жүрегімізге қалай әсер етеді?» тақырыбында зертханалық жұмысын жасаңдар.

Керекті құралдар: секундомер немесе таймері бар смартфон, нәтижелерді жазу үшін қойын кітапшасы немесе қағаз парағы.

Орындау тәртібі:

1. *Тыныштық сәтіндегі жүрек соғу жиілігін өлшеу:*

- 5 минут тыныш отыр. Одан кейін білегіндегі немесе мойныңдағы тамыр соққыларын ізде.
- Бір минут ішіндегі жүрек соғысының санын өлше (немесе 30 секунд және нәтижені 2-ге көбейт).
- Алынған мәнді жаз.

2. *Дене белсенділігі:*

- Орнында секір немесе 1 минут бойы қолдарыңды жоғары көтеріп, төмен түсіріп жаттығу жаса.

Жаттығудан кейінгі жүрек соғу жиілігін өлше:

- Жаттығулардан кейін бірден жүрегіңнің соғуын жоғарыда көрсетілгендей етіп өлше.
- Алынған мәнді жаз.

3. *Нәтижелерді талдау:*

Салыстыру:

- Неліктен бұлай болды?
- Жүрек және бүкіл дене үшін тұрақты физикалық белсенділіктің маңыздылығын талқылаңдар.



Білімінді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. «Денсаулық» сөзін қалай түсінеміз?
3. Неліктен денсаулық біздің байлығымыз болып саналады?

 Меңгерілетін білім:

- Қоғамдық тәртіп талабы;
- Көлік түрлері;
- Қоғамдық көлікке міну ережелері.

 Кел, ойланайық!

- Қоғамдық тәртіп деген не?
- Қоғамдық көліктерге не жатады?

**Түйін сөздер**

Қоғамдық тәртіп, қоғамдық көлік, жолаушы міндеттері, көліктегі тәртіп.

**Маңызды ақпарат****Қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау**

Көпшілік ортасында тәртіпті сақтау, адамдармен қарым-қатынас және көлікке міну мәдениетін білуді міндеттейді.

Көпшілік ортада тұрғаныңды ескеру;

Адамдарға қолайсыздық тудырмау мәселелері бойынша жауапкершілікті сезіну;

Үлкенге ізет, кішіге көмек көрсету.

Қазіргі кезде ең көп тараған **көлік түрлеріне** жеңіл автокөліктерді жатқызуға болады. Ал **қоғамдық көліктерге** автобус, троллейбус, метро, трамвай, пойыз, ұшақ, кеме жатады.

Қарапайым **қоғамдық көлік** ретінде троллейбус пен автобусты еліміз кеңінен қолданады. Алматыдағы метро да көпшіліктің белсенді қолданысына ие.

Пойыз бен ұшақ қала мен қаланы, мемлекет пен мемлекетті байланыстыратын **қоғамдық көліктер** қатарына жатады.

Қоғамдық тәртіп – адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің қоғамда қабылданған құқықтық талаптарды сақтауы және сол талапқа сай болуы.

Қоғамдық тәртіптің көпшілік орындарда сақталуын сақшылар да, қоғам мүшелері де бақылайды. Әркім қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапкершілікпен қарауы керек.

Қоғамдық көліктегі жолаушылардың мінез-құлқы талапқа сай болуы, қоғамдық тәртіп талаптары сақталуы барлық жолаушылар үшін ыңғайлы және қауіпсіз орта құруға көмектеседі.

Көлікке мінерде кимелемей, кезек ретін сақтауға кедергі келтірмеу керек. Егде жастағы адамдар, мүгедектер немесе жүкті әйелдерге жол беру қажет. Қоғамдық көлікке кіргенде мүгедектерді, егде адамдарды,

балалы әйелдерді алдымен өткізеді. Егер көлік бір есікті болса, әуелі адамдардың шығуына мүмкіндік беру керек.

Қоғамдық көлікте қатты сөйлеуге, тамақ жеуге болмайды. Түшкіргенде және жөтелгенде қол орамалды пайдалану орынды.

Қатты дауыс шығармау, дөрекілік танытпау және басқа жолаушыларды алаңдатпау үшін музыка мен мобильді құрылғылардың дыбыс деңгейін төмендетуді бақылауда ұстау керек. Үлкендерге орын беруді де ұмытпа (15-сурет).

Жүкті орналастыру талаптарын сақтау керек. Егер сенің үлкен жүгің немесе велосипедің болса, оларды орналастыру үшін арнайы жасалған орындарды пайдалан. Жолаушылардың кіріп-шығуына кедергі келтірмеу керек. Мобильді құрылғының тым жарық болуы да қауіпті. Ол басқа жолаушыларды алаңдатады, жүргізушіге де әсер етуі мүмкін.

Тазалық пен тәртіпті сақтап, қоқысты арнайы ыдысқа салу керек.

Көлікте арнайы тұтқаларды ұстап тұр, әйтпесе маңындағыларға ыңғайсыздық тудырасың. Кедергісіз шығу үшін аялдамаға таяғанда есікке қарай жақындау керек.



15-сурет. Көлікте



Талда!

Қоғамдық көлікте қолданылатын ережелерді оқып, жұпта өзара талдаңдар.

Қоғамдық көлікте өзін өзі ұстау ережесі

- Қоғамдық көлікке кіріп бара жатқанда адамдарды шынтағыңмен итермей, ең алдымен қарт кісілерді, қыздарды (егер сен ұл болсаң) жіберіп, оларға көлікке кіруге көмектесу керек.

- Кірген жерде тұрып қалма, егер келесі аялдамада түспесең, ортаға қарай өтіп кет.
- Мәдениетті адам үлкендерге, кішкентай балаларға, әйел адамдарға орын береді.
- Қоғамдық көлікте тамақ не болмаса балмұздақ жеуге болмайды.
- Көлікке кірген кезде арқандағы рюкзакты шешіп, қолға алу керек.
- Көлікте қатты әңгімелесіп, күліп өз мәселелеріңді айтып, даурығып, достарыңмен сөз жарыстыруға болмайды. Біреулер ескерту жасаса, оларға қарсы ашуланып сөз қатпа.
- Көліктің ішінде, көпшіліктің көзінше телефонмен қатты сөйлесуге болмайды.
- Құлаққаппен музыка тыңдап тұрсаң да, даусын бәсеңдетіп қой, себебі ол басқа адамдарға есітіліп, жағымсыз әсер тудырады.

Құрманбай Гүлтас



Қызықты ақпарат

Жапонияда ертелі кеш, қарбалас уақытта метро стансаларында арнайы қызметкерлер бар, олар жолаушыларды вагонға отырғызып, орналасуға көмектеседі. Кейбір метро вагондарында кедергілердің алдын алу үшін тек әйелдерге арналған арнайы орындықтар бар.

Үндістанның кейбір қалаларында әйелдер мен ерлерге арналған аялдамаларда әртүрлі сызықтар бар.

Тайландта қоғамдық көлікке кірер алдында көптеген тайлықтар алдыңғы есікке сыпайылықпен бас иеді. Бұл көліктердің рухын сақтауға көмектесу деген ұғымды білдіреді.

Чилиде біреу автобуста бірдеңені жоғалтып алса немесе ұмытып кетсе, жолаушылар автобусты тоқтатып қойса да, оған заттарды қайтаруға тырысады.



Өзіндік жұмыс

1. Көлікте өзін ұстау ережелерін сақтамаған жолаушыларға қандай қауіп төнуі мүмкін?
2. Көлікте апат немесе төтенше жағдай орын алса, адам өзін қалай ұстағаны дұрыс?
3. Неліктен көлік жүргізу кезінде жүргізушінің назарын басқа жаққа аударуға болмайды?

4. Егер затыңды көлікте ұмытып кетсең, не істейсің? Оны қалай қайтаруға болады?
5. Көлікте басқа жолаушыларды мазалайтын қандай әрекеттер әдепсіздік болып саналады?

Көлікке отыру кезінде: көліктен шығатын жолаушыларға жол бер.

- Байыппен және итермей кір.

Көлік ішінде:

- Арнаулы орындар мен тұтқалардан ұста.
- Басқа жолаушыларға кедергі келтірмеу үшін сөмкенді, жүгінді алдында ұста.

Шығар уақытта:

- Есік алдында кептеліс жасамас үшін шығуға алдын ала дайындал.
- Көлік жылжып бара жатқанда шығуға тырыспа, бұл қауіпті.

Қауіпсіздік:

- Көліктердің артынан ешқашан жүгірме.
- Көліктен шыққаннан кейін жолды кесіп өтпес бұрын әрқашан екі жаққа қара.

Қарым-қатынас:

- Сапар барысында сұрақтарың болса, жүргізушімен немесе кондуктормен сабырлы және сыпайы сөйлес.
- Басқа жолаушыларға құрметпен қара.



Білімді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі дегенді қалай түсінеміз?
3. Қоғамдық көлікте өзін өзі ұстау ережесі қандай?

5-БӨЛІМ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Бұл бөлімде:

ортақ үйіміз – Жер, айналадағы әлем туралы түсінік аласың; өз аулаңды таза ұстау, табиғаттағы іс-әрекет ережелері және оның маңызы туралы, қауіпсіз демалыс туралы білімімізді толықтырамыз



Менгерілетін білім:

- Жерді сақтау үшін барлық адамның жауапты екендігін түсіну.
- Экологиялық зардаптардың алдын алу жолдарын ойластыру.
- Қоршаған әлеммен үндестікте болуды түсіну.

Кел, ойланайық!

- Экология дегеніміз не?
- Айналадағы әлемге қалай қарау керек?
- Экологиялық зардаптардың алдын алуға өздерің қандай үлес қосып жүрсіңдер?

**Түйін сөздер**

Жер, экология, планета, аула тазалығы, қамқорлық.

**Маңызды ақпарат**

Жер – Күн жүйесіндегі ең тығыз қабат.

Жер бетінің 72 пайызын су алып жатыр.

Жер бірнеше қабаттардан тұрады: атмосфера, литосфера, гидросфера және бәрін біріктіруші – биосфера.

Экология – табиғатты қорғау, қоршаған әлемге, жерге ұқыпты қарау туралы ғылым. «Экология» сөзінің өзі екі грек сөзінен шыққан: «эко» («үй» деген мағына) және «логос» (ғылым). Сондықтан экологияны «үй туралы ғылым» деп айтуға болады. Адамзат үшін үй – Жер планетасы. Үйді таза ұстау, ластамау – әрбір тұрғынның міндеті. Олай болса, біз де өзіміздің үйіміз Жерге, оның қойнауындағы байлығымыз минералды заттарға, бауырындағы сулар мен өсімдіктерге, жан-жануарларға қамқор, қорған болуымыз керек. Тұрмысымызға пайдаланған әрбір ағашпен бірге біздің бір жыл жұтатын ауамыз жоғалады екен. Жердегі өсімдіктерден бастап, көшедегі қатарласқан жасыл желек тал-теректер, ауламыздағы жайқалған бақ, даламыздағы сыңсыған орман-тоғай – оттегінің бай қоры. Сондықтан оларға қиянат жасамау керек.

Көктем шыға дәстүрлі сенбіліктер мен көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүреді. Көшелер мен үй аулалары тазаланады, көше бойына көшеттер егіледі. Шындығында, бұл жай ғана көктемгі тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстары ғана емес, адамзаттың көктеммен бірге оянуы, тіршілік тірілген мезгілде алдағы ыстық күндерде болатын экологиялық апаттың алдын алуы. Айналаны тазартып, көшемізге тал егіп, табиғатты түлетуге,

экологиялық зардаптарды болдырмауға баршамыз атсалысуға тиіспіз (16-сурет).

Тазалық қоқыс пен кірге байланысты аурулар мен аллергия қаупін азайтады. Тұрмыстық қалдық заттарды арнайы қалдық тастайтын орындарға тастау өте маңызды, себебі мұндай қалдықтар ауаны ластайды.

Түрлі тазалық акцияларын, тазалық марафондарын т.б. қызықты іс-шаралар ұйымдастыру – айналадағы әлемге қамқорлық. Бұл іс-шаралар табиғатқа қамқорлықпен қатар білім мен ізгі тәрбие көзі болып табылады. Адамдар шара негізінде жаңа ақпараттарды меңгереді. Табиғат тазалығына жауапкершілікпен қарайтын болады. Әдемілікті, қоршаған ортамен үйлесімді сезінеді. Адамдардың бірлігі нығаяды. Олардың ісі кейінгі ұрпаққа үлгі болып, жалғасын табады.

Жер – адамзаттың ортақ үйі. Айналаңды, қоршаған ортаны таза ұста, қамқор бол. Жер – адамзаттың мәңгілік игілігі.



16-сурет. Көшет отырғызу



Талда!

Еңбек Ері, атақты күрішші Ы. Жақаев аталарыңның нақыл сөздерін оқып, топтар арасында «Жер – ғажап ғаламшар» тақырыбында коллаж құрастырыңдар.

Барша байлықтардың анасы – Жер. Жерді күтіп-баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғатпен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

Ел мен жер – оның көгілдір орманы мен мөлдір көлдері, байтақ даласы мен асқақ таулары – біздің басты байлығымыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына. Міне, осы қазынаны аға ұрпақ өкілдері біз де, жас ұрпақ – сендер де, барлығымыз да көз қарашығындай сақтап, ел игілігіне жұмсауымыз қажет.

Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей ғажаптарды осы жер бетінде жасайды.

Жер... Қасиетті де қастерлі жер. Сен ыстықсың бәрінен де. Сенің бойыңда өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. «Жер» – қандай қасиетті сөз. Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай. Бұл сөздің терең мағынасын адам тілімен айтып жеткізіп алар ма, сірә?!

Ыбырай Жақаев



Қызықты ақпарат

Қалдықтар ыдыраған кезде пайда болатын заттар атмосфералық ауаны ластайды, жаңбыр суы ыдыраған қалдықтардың улы заттарын жуады.

Табиғи жағдайда қарапайым қағаздың ыдырау жылдамдығы шамамен 2 жыл, металл консерві қалбырлары шамамен, 90 жыл, полиэтилен пакеттері – шамамен, 200 жыл, ал шыны банкалар шамамен, 1000 жыл, ал пластиктердің көпшілігі шірімейді.



Ойна да ойла!

Берілген мақал-мәтелдерді оқыңдар. Топтарға бөлініп «Біздің жер» тақырыбында макет құрастырыңдар. Қажетті заттар: қатты қағаз, маркер, түрлі-түсті қағаз қиындылары, қайшы, қарындаш т.б.

1. Судың да сұрауы бар.
2. Өзен жағалағанның өзегі талмас.
3. Бақ өсіргеннің бағы жанады.
4. Тоғайды тұяқ тоздырады.
5. Бір тал кессең, он тал ек.
6. Атадан мал қалғанша, тал қалсын.
7. Бұлақ көрсең, көзін аш.



Өзіндік жұмыс

1. Түрлі материалдардың (қағаз, металл қалбыр, полиэтилен пакет, пластик т.б.) қалдықтарын түрлі ортада су құйылған ыдыста, топырақта орналастырып, зерттеу жүргізіп, қорытындысын жазыңдар.
2. Бейнежазбаны көріп, қоршаған ортаны ластау, табиғатты қорғамау салдары қандай болуы мүмкін екендігі туралы ой қорытыңдар.



Білімді тексер!

Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?

1. Тақырыпты оқу барысында не түсіндің?
2. Жер туралы қандай мәліметтер алдың?
3. Бүгінгі сабақта не ұнады?

Менгерілетін білім:

- Аулада тазалық сақтау ережелерін үйрену.
- Жауапкершілік танытуды түсіну.

Кел, ойланайық!

- Таза аула не үшін қажет?
- Өз ауланың таза болуы үшін қандай әрекеттер жасап жүрсің?

**Түйін сөздер**

Тазалық, бірлесіп әрекет ету, жауапкершілік.

**Маңызды ақпарат**

Тұрмыстық қатты қалдықтар. Ол – тағам, қағаз, металл сынықтары, резеңке, шыны, ағаш, мата және пластик, синтетикалық қалдықтар. Тұрмыстық қатты қалдықтар күннің жылынуы немесе өрттің кесірінен еріп, қоршаған ортаға зиян келтіреді. Бір сөзбен айтқанда, қоқыстардың бүлінуі қоршаған ортаға және адамзат өміріне үлкен қауіп. Қоршаған ортаға келетін зиянды әсер уланумен қатар, түрлі бактериялардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бактериялар мен вирустар жәндіктер, құстар, кеміргіштер арқылы алыс қашықтықтарға тарап, адамдар арасында аурулар пайда болуына себеп болады.

Әлемнің таза болуы өз аулаңнан басталады. Әдемі, тыныш, жайлы және таза аулада тұру – әр адамның арманы. Аулада тазалық пен тәртіпті сақтаудың маңыздылығы, адамдарға оң ықпалы ерекше. Мәселен, ауланың тазалығы адамдарға жайлы, жағымды әсер сыйлайды. Салауатты өмір салтын сақтауға мүмкіндік тудырады.

Әдемі, тыныш, жайлы және таза аулада тұру әр адамның жауапкершілігін арттырады. Ол үшін қоқысты кәдеге жарату ережелерін сақтап, үй айналасындағы тазалық пен тәртіпті қадағалау керек (17-сурет).

Аула тұрғындарымен бірлесіп тазалау әлеуметтік байланысты нығайтады. Көршілер арасындағы ынтымақ пен сыйластықты арттырады. Көршілер бір-бірін тани түседі, өз ауласының ластанбауына жауапкершілікпен қарайтын болады.

Сен де өзің тұрған жерде аула тазалығына назар аудар. Қоқыс тастайтын орынның ластанғанын байқасаң, үлкендерге немесе арнайы тұрғын үй мәселесімен айналысатын орындарға ескерт. Сенбіліктерге қатыс, абаттандыруға атсалыс. Ауланы таза ұстау – өз мекеніңе, туған жерге деген құрметтің көрінісі. Сонымен қатар оның пайдасы да жан-жақты. Мысалы, экологиялық пайдасы – ауланың тазалығы табиғат пен биоәртүрлілікті сақтауға ықпал етуі және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту. Экономикалық пайда: ауланың тазалығы қоғамдық орындарды тазалау және жөндеу шығындарын азайтады.



17-сурет. Ауланы тазарту



Талда!

Төменде берілген сұхбатты оқып шығып, аула тазалаушыларға өз тараптарыңнан қандай көмек бере алатындарың жайлы топтық жоба дайындаңдар.

– Жұмыс барысында қандай қиындықтар болады?

– Аула сыпырушыда ерік-жігер мен табандылық, төзімділік болуы қажет. Тұрғындардың басым көпшілігі қоқысқа бей-берекет қарайды. Қоқыс жәшіктеріне салмай, аулаға лақтыра салатындарды жиі кездестіреміз. Бұл жұмыс барысын қиындатады. Бізге ауланы сыпыру барысында әр жерде шашылған заттарды жинауға тура келеді. Сондай кездерде адамдардың немқұрайлығына таңданасың. Көліктерді дұрыс қоймайтын адамдар да жұмысты қиындатады. Ондай кезде ауланы толық сыпыра алмай, келесі күні қайта келуіңе тура келеді. Сондай-ақ ауланы тазалап жүргеніңде айналаңда зуылдап жүретін самокаттар да мазамызды алады. Жайбарақат жүрген сәтінде қасыңнан зыр етіп өте шыққанда шошынып қаласың, кейде соқтығысып қаламыз. Мұндайда жарақат алып қалатын кездер де болады. Осы ретте адамдардың табиғатқа, аула тазалаушыларға деген

құрметі болуы керек-ау деп ойлаймын. Біздің жұмыстың қиын екенін адамдар түсінсе ғой.

– Жылдың әр мезгілінде жұмыстарыңыз әртүрлі. Осы жайлы айта кетсеңіз.

– Жылдың әр мезгілінің өз ерекшелігі бар. Аула тазалау ісі аптап ыстықта да, суық күнде де тоқтап қалмайды. Меніңше, әр адам тазалықты өзінен бастаса, біз Жапония, Германия сынды елдердей оқ бойы озық боламыз. Тазалық тек ауламен шектеліп қана қоймайды. Өзінің айналасына ұқыпты қарайтын адам әр ісіне адал, тиянақты болады. Бұл елдің өркендеп өсуіне де әсер етеді. Сонда халықтың санасы өзгеріп, табиғатқа деген жанашырлық сезімі оянар еді.

Сұхбатты жүргізуші:

журналист Ақтолқын Ғалымғазықызы



Қызықты ақпарат

Қазақстанның қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаты «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамада айқындалған. Тұжырымдамаға сәйкес 2030 жылға қарай қалдық өңдеу үлесі 40%-ға, 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізілуі тиіс. 2016 жылдан бастап полигондарда құрамында сынап бар шамдар мен аспаптарды; металл сынықтарын; пайдаланылған майлар мен сұйықтықтарды, батареяларды; электрондық қалдықтарды көмуге тыйым салынса, 2019 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап пластмассаны, макулатураны, картон мен қағаз қалдықтарын, шыныны көмуге шектеу қойылды.

Қоқысты сұрыптаудың озық үлгісі ретінде Германияны атауға болады. Бұл жүйені немістер ертеден қолданысқа енгізген. Қалдықты сұрыптау Германия тұрғындарына қиындық туғызбас үшін түрлі-түсті қоқыс жәшіктері қойылған. Мысалы, сары түсті контейнерге пластикалық заттар, сұр немесе қоңыр түсті жәшіктерге (аймақтарға байланысты) тамақ қалдықтары, көк түсті жәшіктерге қағаз және картон қалдықтары, ал қара түсті контейнерлерге өңдеуге жарамсыз заттар, яғни таспалар, резина, гигиеналық сүлгілер т.б. салынады.



Өзіндік жұмыс

Өз аулаларыңда тазалық акцияларын, сенбіліктер ұйымдастырып, іс-шара бойынша презентация дайындаңдар.



Ойна да ойла!

«Тез сұрыпта» ойыны. Ойын жарыс түрінде өтеді, сынып екі топқа бөлінеді. Топтар берілген заттарды тез сұрыптап, тиісті жәшікке салады, сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы тез орындап, сұрақтарға дұрыс жауап берген топ жеңімпаз атанады.

Сұрақтар:

1. Тұрмыстық қатты қалдықтарға не жатады?
2. Қоқыстарды сұрыптауда қай ел озық үлгі көрсетуде?
3. Тұрмыста қандай қайта өңдеуден өткен заттарды қолданып жүрміз?
4. Табиғи жағдайда қағаздың ыдырауы шамамен неше жыл?
5. Қай материал табиғи жағдайда мыңдаған жылдар бойы ыдырмайды?



Білімді тексер!

Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?

1. Ауланы таза сақтаудың қандай ережелері бар?
2. Аула сыпырушының сұхбатынан қандай қорытынды жасадың?
3. Қоқыстарды қайта өңдеп, пайдаға асыру жайлы қандай мәліметтер алдың?

§17.

Табиғаттағы іс-әрекет ережелері. Қауіпсіз демалыс

● Меңгерілетін білім:

- Табиғат аясында дұрыс іс-әрекет жасауды, қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрену.
- Табиғатқа жауапкершілікпен қарауды түсіну.

● Кел, ойланайық!

- Табиғат аясында қандай ережелерді сақтау керек?
- Табиғат аясындағы қауіпсіз демалысты қалай ұйымдастыруға болады?

Түйін сөздер

Қауіпсіздік ережелері, дұрыс іс-әрекет, зиян тигізбеу.

Маңызды ақпарат

Табиғат аясына шыққанда есінде сақта:

- Қоқыс қалдықтарын тастама!
 - Табиғатқа зиян келтірме!
 - От жаққан жағдайда оны сөндіруді ұмытпа!
- Егер бұл ережелерді сақтамасаң, табиғатқа үлкен қауіп төнуі мүмкін!

Жас дос, егер сен табиғат аясына серуенге шығатын болсаң, табиғаттағы іс-әрекеттер ережесі мен қауіпсіздікті әрқашан есте сақтауың керек.

Табиғатта серуендеу және қауіпсіз демалу ережелері бар. Ең алдымен, қауіпсіз орынды таңдау. Табиғатқа шықпас бұрын, уақыт өткізуді жоспарлап отырған аймақтағы рельефті, ауа-райын және ықтимал қауіптерді тексер. Табиғатқа барар алдында жақындарыңа немесе достарыңа жоспарларың мен қайту уақыты туралы хабарлап қой. Бұл басқа адамдарға қажет болған жағдайда сенің баратын, орналасатын жеріңді білуге мүмкіндік береді. Күннен қорғануды ұмытпа, ол үшін жыл мезгілі мен ауа райына қарамастан, күннен қорғайтын кремді, баскиім және күннен қорғайтын көзілдірікті пайдалан. Күнге күйоден және ұзақ мерзімді күн сәулесінен қорғану сенің денсаулығың үшін өте маңызды. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап, ашық ауада демалу кезінде оттан сақ бол. От жағу үшін тек арнайы бөлінген жерлерді пайдаланып және кетер алдында оттың толығымен сөндірілгеніне көз жеткізу қажет.

Табиғатқа мұқият бол: табиғат өзің келгенде қандай таза болса, кетерінде

де дәл солай таза болуын қадағала. Қоқыстарды тастамай, жинап кету керегін ұмытпа.

Табиғаттағы жан-жануарларға, жәндіктерге, өсімдіктерге зиян тигізбе (18-сурет).



18-сурет. Табиғатты қорға

Табиғат аясына дұрыс жабдықпен дайындалып бару маңызды: жаяу серуендеу алдында ауарайының қолайсыздығынан және жарақаттан қорғайтын дұрыс киім мен аяқ киім киіп, карта мен компасты өзіңмен бірге алып жүргеннің артықшылығы жоқ. Бейтаныс аймақта серуендеу кезінде әрдайым карта мен компасты немесе GPS құрылғысын бағдарлау үшін қолдануға болады. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақта: егер сен жүзуді немесе су спортымен айналысуды жоспарласаң, әрқашан құтқару кеудешесін киіп, судағы қауіпсіздік нұсқауларын орында.

Төтенше жағдайларға дайын бол: алғашқы медициналық көмекті өзіңмен бірге алып жүр немесе төтенше жағдайда көмек алу үшін қайда қоңырау шалу керектігін біліп ал. Көмек кешіккен жағдайда қажетті тамақ пен су қорын алып жүру қажет. Белгіленген жолдан ауытқу бағдардың жоғалуына және қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін, сондықтан белгісіз соқпақтармен жүрмеуге тырыс. Табиғаттағы қауіпсіздік өз жауапкершілігің екенін есте ұстаған жөн. Дайындық, сақтық және бақылауды әрқашан есте сақта.



Талда!

Мәтінді оқып, топпен табиғат аясында орындайтын өз ережелеріңнің кестесін жасаңдар.

Табиғатты қорғаудың халықтық дәстүрлері

Қазақ халқының халықтық педагогикасындағы асыл мұраларының бірі – табиғатқа деген аса зор сүйіспеншілігі мен оған деген асқан адамгершілік қасиеті. Ертерек кезде Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде қазақ халқының табиғатты бақылай білу қабілеті, оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап өткен. Мысалы, белгілі ғалым А.Н.Формозов өз еңбегінің бірінде:

«Қазақтардың байқағыш көзі табиғаттағы тіршілік атаулыны үнемі бақылап отырған, олардың халықтық даналығы көптеген толықтырулар мен тұжырымдарды жинақтаған», – деп аса жоғары бағалаған. Халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын «киелі», «қасиетті» деп ұғып, оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын айтып отырған. Сонымен бірге табиғат пен адамды біртұтас, бірінен-бірін бөлуге болмайды деп қараған. Сондықтан адам табиғаттан өз керегін ғана алып, қалғанына еш уақытта зиянын тигізбеген. Халық табиғаттағы өздері қас-терлеген жерлерді «Әулие ағаш», «Әулие бұлақ» деп атап, оларды көздің қарашығындай қорғап отырған. Ал, қарлығаш, аққу, ұлар тағы басқа жануарлар мен құстарды жақсылықтың жаршысы, бақыттың бастамасы, игіліктің иесі деп ұясын бұзуға, балапанын алуға, тиісуге мүлде рұқсат етпеген. Әсіресе, жабайы аңдарды буаз болған мерзімінде, төлдеген кезінде киесі ұрады деп есептеп, оларға мылтық кеземеген.

Martebe.kz білім сайты



Қызықты ақпарат

Табиғат аясына шыққанда кейбір жан-жануар мен жәндіктердің, құстардың мінез-құлқына, өсімдіктердің сыртқы тұрқына қарап ауа райының өзгеруін, дұрыс жолды анықтауға болады. Мұндай болжамдар халықтың жүздеген жылғы бақылау тәжірибесінен жинақталған.

- Мәселен, балықтар зілзала алдында теңіздің түбіне кетіп қалады екен, аквариумдағы балықтар да ыдыстың түбін паналайды.
- Торғайлар қосылып шықылықтаса, күн жылы болады, ал қыста бұтақтарға дыбыс шығармай қонақтап отырса, қар жауады, жел болмайды. Қуысқа тығылып, бір жерге топталса, күн суытады деп болжаған.
- Қарлығаштың жер бауырлап ұшқанына қарап, жаңбыр жауатынын байқауға болады.
- Ит арқасынан түлесе, қыс жайлы, бауырынан түлесе, қыс қатты болады.
- Қатты жел, дауыл алдында құмырсқалар әбігерленіп, мазасызданады.
- Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса, боран немесе дауыл болады, ал аяғымен жер тарпыса, жел соғады.
- Мысық босағаны немесе ағашты тырналап мазасызданса, ауа райы қатты бұзылады деген қызықты болжам бар.



Ойна да ойла!

Танымдық ойын.

Топтарға бөлініп, әр топ табиғаттың тосын құбылыстары кезіндегі жануарлар мен жәндіктердің әрекетін бейнелеп көрсетеді. Келесі топ жауабын тауып, мағынасын түсіндіреді.



Өзіндік жұмыс

«Мен және табиғат» тақырыбында эссе жаз.



Білімді тексер!

Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?

- Табиғат аясында өзін-өзі ұстаудың және қауіпсіздіктің қандай ережелерін білесің?
- Жан-жануарлардың мінез-құлықтарына қарап ауа райына болжам жасаудың қандай маңызы бар?
- Табиғатты қорғау туралы ата-бабамыздан қалған дәстүрлердің қандай пайдасы бар?

Адалдық – адам мінезіндегі бағалы қасиет; жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогреспен ұштасып жататын іс-әрекеттер.

Аккаунт (ағылшын account – «есеп жазбасы») – сервердің мәлімет базасында сақталатын (идентификациялық) нөмір. Аккаунт – ол келушінің бір компьютерлік желіге өзі жайлы мәліметтерді толтыратын есеп жазба.

Ақша – айырбас құралы ретінде барлық адамдармен қабылданатын және басқа тауарларды (қызметтерді) бағалауға қызмет ететін кезкелген тауар немесе символ.

Амандасу немесе **сәлемдесу** – инабаттылық пен әдепке қатысты қатынас нормасы

Әдеп – халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. Игі әдетпен, өміршең әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістердің, имандылықтың тірек негізі. Адамдар қарым-қатынасында ізгілік нормаларын мүлтіксіз орындауды білдіретін ұғым.

Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін интернет сайт. Әлеуметтік желілер адамдарға бір-бірімен сөйлесіп, тілдесіп, жақсы көретін музыканы тыңдау үшін және қызықты видеолар көру үшін қажет

Бағалау (экономикада) – материалдық игіліктердің құнын анықтау мақсатында жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің жиынтығы.

Бата, бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі.

Бірлік – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы маңызды этикалық ұғым. Бірлік – адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі.

Ғаламшар немесе **Планета** (көне лат. planeta, грек. aster planetes – кезбе жұлдыздар) – өздігінен жарық шығармайтын,

жұлдызды айнала қозғалатын, орталық жарық көзімен салыстырғандағы массасы шағын аспан денесі.

Дәрумен – адам мен жануарлардың тіршілігіне, олардың ағзасындағы зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін аз мөлшерде өте қажетті биологиялық активті органикалық қоспалар.

Еңбек – өзінің тұтынушылығын қамтамасыз етуге қажетті бүкіл заттар жиынтығын жасайтын адам әрекетінің негізгі формасы.

Еңбекақы – жұмыс берушінің қызметкерге атқарылған жұмыс үшін заттай немесе ақшалай беретін төлемі немесе сыйақы.

Жауапкершілік – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.

Жер – қоғамдық байлықтың аса маңызды бөлігі, мемлекет тәуелсіздігінің негізі, барлық байлықтың жиынтығы. Жер ауыл шаруашылығында басты өндіріс құралы, ал басқа кез келген өндіріс процестерінің ең қажетті шарты болып табылады. Жердің табиғи, шаруашылық және құқықтық жағдайлары туралы мәліметтер әр елдің жер кадастрында жүйеге келтіріледі.

Интернет (ағылш. Internet – International Network) – компьютерлік серверлердің бүкіләлемдік желісі.

Ишара. Қазақ кейде ым, ишара арқылы «сөйлесіп» болған жай, іс-қимылды осы арқылы түсіне береді. Жұдырық түю, саусақ безеу – сесті, танауына қос саусақ тығу – түк бітірмегені, көз қысу – ішкі сезімді, бас шайқау – істің орындалмағанын білдіреді.

Қауіпсіздік – жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы. Қауіпсіздіктің негізгі нысандары: жеке адам – оның құқықтары мен бостандықтары.

Қоғамдық тәртіп – азаматтың қадір-қасиеті мен басқа құқықтарын, меншіктің барлық нысандарын қорғау, қоғамдық орындарда тыныштықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, адамдардың өзара араласуының қалыпты қызметіне жағдай туғызу, адамның жеке басына тиіспеушілікті қамтамасыз ету мақсатында, арнайы нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар жүйесі.

Құрмет – жеке адамға өзге адамдар тарапынан көрсетілетін қошемет. Адамға құрмет көрсету оның жеке басы қасиеттеріне, ішкі құндылықтарына, кейде жас мөлшеріне, отбасы жағдайына т.б. орын алады.

Отбасы – бірлесіп күн көретін, туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Отбасы бюджеті – уақыт бірлігіне (ай, жылға) шаққандағы отбасының кірісі мен шығысы жиынтығы.

Парыз – адамның ел-жұрт, мемлекет пен қоғам алдындағы борышын білдіретін әдептік ұғым. Парыз адамның адамға қамқорлығын, жағымды әдеп пен адал еңбек ету үлгісін сақтайды, жастардың үлкендер мен Отан алдындағы перзенттік қарызын, азаматтық міндетін тиянақты орындауға жұмылдырады

Сезім – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау барысында туындайтын және біртіндеп дамып қалыптасып отыратын жан қуаты. Мысалы, достық, адалдық сезімдері, адамда бірден қалыптаса қоймайтын сезімдер.

Тарих – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі.

Тауар – қоғамда айырбастау, сатып алу-сату жолымен бөлінетін, құны бар еңбек өнімі, яғни материалдық-заттық пішіндегі өндірістік-экономикалық қызметтің кез келген өнімі, қажеттілікті қанағаттандыратын және базарға жұрттың назарын аудару, сатып алу, пайдалану не тұтыну мақсатымен ұсынылатын нәрселер, яғни сатып алу-сату, сатушы мен сатып алушы арасындағы нарықтық қатынастар нысаны.

Төлем – сатып алынған тауарлар, көрсетілген қызметтер, пайдаланылатын ресурстар, берілген несие үшін төленуге тиіс ақшалай қаражат.

Ұлт – тіл, тарих, қандастық, мәдениет, мінез секілді ортақтықтар негізінде қалыптасқан адамдар қауымдастығы.

Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы.

Халық (тұрғындар) – қандай да бір аумақта тұрақты дамыған немесе бүкіл жер шарын жайлаған адамдар жиынтығы.

Этнос, этникалық қауымдастық (грек, *ethnos* – тайпа, халық) – бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірыңғай атауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдарлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады.

Экология (лат.*oikos* – үй, баспана; *logos* – ілім) – жеке ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ организм деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, организмдер қауымдастықтарының, экожүйелердің, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрілігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 68-қосымша.
4. 5-11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттер» курсын әзірлеу – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 400 б.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2022 – 339 б.
6. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.
7. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ,101-б.
8. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 11.01.2007ж., № 217.
9. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысы
10. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ.

11. Ақпаратқа қол жеткізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ.
12. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
13. Телерадио хабарларын тарату туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 545-IV Заңы.
14. Байланыс туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі N 567 Заңы.
15. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 1037
16. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.
17. Совет-Хан Ғаббасов «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі», Алматы: Алматыкітап, 2014.
18. М. Қозыбаев «Ежелгі бірлікті аңсаған» // Қазақтың ата заңдары – Алматы, 2003. – б 254.
19. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі» Алматы, Санат, 1995 ж.
20. М.Жұмабаев «Шығармалар» Алматы, Білім, II-III том, 1996 ж.
21. Әбенбаев С.Ш. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» – Алматы: Дарын, 2004
22. А. Нүсіпоқасұлы, Ә. Жапарұлы. «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін: Халықтық дәстүр тәрбиесі» – Алматы: «Өнер», 2011, 140 б.
23. «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша оқу құралы / «Атамекен» ҰКП. – Астана: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2018, – 250 б.
24. Мырзахметов О.Б., Каршалов М.Б. Тіршілік қауіпсіздік негіздері: дәрістер курсы /О.Б. Мырзахметов, М.Б. Каршалов. – Қостанай: ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2019. – 131 б.

Мазмұны

Алғы сөз	4
1-БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП	
§1. Барлығы сәлемдесуден басталады	6
§2. Мен достарымның ортасындамын. Мен өз әрекеттерім үшін жауаптымын. Ата-анаға ризашылық білдіруді үйренеміз	9
§3. Дастарқан жаю және дастарқан басындағы әдеп. Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзінді қалай ұстау керек?	13
2-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ	
§4. Отбасындағы өзара сыйластық	18
§5. Өз Отанымды мақтан тұтамын!	22
§6. Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт!	26
3-БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	
§7. Әлеуметтік желі дегеніміз не? Әлеуметтік желідегі менің аккаунтым	30
§8. Алғашқы ақша және олардың функциялары қалай пайда болды? Адам еңбегі қалай бағаланады?	33
§9. Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады?	37
§10. Қалта ақшасын қалай басқаруға болады?	41
4-БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ	
§11. Үй, аула, мектептегі қауіпсіздік	46
§12. Отпен ойнама! Менің қауіпсіздігім – менің қолымда	50
§13. Менің денсаулығым – менің қолымда	53
§14. Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі	57
5-БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ	
§15. Жер – ортақ үйіміз. Менің айналымдағы әлем	62
§16. Біз таза аулада тұрамыз	66
§17. Табиғаттағы іс-әрекет ережелері. Қауіпсіз демалыс	70
Глоссарий	74
Пайдаланылған әдебиеттер	78

ПРОЕКТ

ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің
5-сыныптарына арналған оқулық

(МАКЕТ)